

Жүректіерді тербеткен жыр, нұр,
Құтты болсын Ұлыстаның ұлы күні!



Сыр бойы

№42-43 (21117-21118) 22 наурыз, жексенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ



ТҮБІ БІР ТҮРКІНІҢ ҚАСИЕТТІ ШАҢҰРАҒЫ

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жұмыс сапарымен Түркістан облысында болды.

Президенттің өңірге сапары түркі дүниесінің рухани әрі тарихи-мәдени ескерткіштерінің бірі, ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енген Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне зиярат етуден басталды. Мемлекет басшысы кесене аумағында жерленген ғұлама Қожа Ахмет Ясауи мен басқа да өйгілі тарихи тұлғалардың рухына тағзым етті. Президентке «Өзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығында жүргізіліп жатқан кешенді ғылыми-зерттеу жұмыстары жөнінде мәлімет берілді.

Мемлекет басшысы сондай-ақ Түркістан облысының жұртшылығымен кездесті. Кездесуде Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның және Түркістан өңірінің негізгі әлеуметтік-экономикалық жетістіктеріне тоқталып, алдағы даму бағыттары мен стратегиялық міндеттерді атады.

– Ең алдымен, баршаңызды Ұлыстың ұлы күні – өз Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын! Бүгін атажұртымыздың алтын бесігі – Түркістан шаһарына тағзым ету үшін арнайы келіп отырмын. Ризамын.

Менің Түркістанға ықыласым ерекше екенін жақсы білесіздер. Мемлекет басшысы ретінде алғашқы сапарымды осы өлкеден бастадым. Түркістан – түбі бір түркі жұртының қасиетті шаһары. Бұл – халқымыздың болмыс-бітімі, кайсар рухы, теңдессіз мәдениеті және елдік дәстүрі көрініс тапқан киелі жер. Әйгілі Қожа Ахмет Ясауидің мол мұрасы – шежірелі

шаһардың рухани қазынасы. Өзірет Сұлтан кесенесі – түркі әлемінің берекелі тұтастығының символы. Төл тарихымызда есімі алтын әріппен жазылған тұғырлы тұлғаларымыз осы жерде мәңгілік мекенін тапқан, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Кемелұлы атап өткендей, Түркістан – Қазақ хандығының саяси орталығының бірі екенін ешқашан ұмытпауымыз керек. Бұл өңірде ұлтымыздың тағдырын айқындаған аса маңызды шешімдер қабылданды.

2-бет

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ


«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» МЫЗҒЫМАС ҰСТАНЫМҒА АЙНАЛДЫ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде орман дақылдарын отырғызуға, өңірлік экологиялық саммитке дайындық, «Таза Қазақстан» тұжырымдамасын іске асыру мәселелері талқыланды.

3-бет

Наурыз

БЕРЕКЕ БАСТАУЫ



Суретерді түсірген: Бағдат ЕСЖАНОВ



Кеше сол жағалаудағы «Қайсар-арена» стадионы аумағында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенев, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаевтың қатысуымен «Береке бастауы – өз Наурыз» атты мәдени-көпшілік шара өтті.

Көктің тынысын тыңдаған, жердің тамырын басқан, тұрмыс-тіршілігін Табиғат-анамның ғұзбайлаңыстырған ата-бабаларымыз Наурызды жаңару мен жасампаздықтың бастауы деп есептеген. Уақытпен бірге жаңарған

Қызылорда қаласының сән-салтанаты Ұлыстың ұлы күні қарсаңында бұрынғыдан да арта түскендей. Қала көшелері Наурыз мерекесінің айшықты көріністерімен, ұлттық нақыштармен безендірілген.

3-бет

Кейінгі күндері ызғардың да беті қайтып, күн шуағын молынан төкті. Көктемнің жаңаруымен үндескен қала келбеті ерекше құлпырып, мерекелік көңіл-күйді сезіндірді. Жаңа стадион алаңына 60-қа жуық киіз үй тігіліп, береке мен бірліктің нышанындай ақ дастарқан жайылды.

Аймақ басшысы жұртшылықты Наурыз мерекесімен құттықтап, Сыр өңірінің даму жолындағы жаңашылдықтар мен алдағы жоспарларға тоқталды.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Сыр бойында өткен Ұлттық құрылтайда: «Соңғы жылдары Қызылорда облысы заман талабына сай өсіп-өркендеп жатыр» деп, аймағымыздың барлық саладағы қарқынды ерекше атап өтті, атқарылған жұмыстарға оң бағасын берді.

Тарихи миссиясы маңызды жиында Мемлекет басшысы Қызылорда қаласында 300 орындық көпбейінді аурухана құрылысы басталғанын, 400, 500 орындық емханалар, 200 орындық перзентхана мен жаңа драма театр, заманауи Президенттік кітапхана құрылысы басталатынын жариялады. Республикалық, халықаралық маңызы бар жаңа автомобиль жолдарының құрылысы туралы айтты.

3-бет

ӨЗ НАУРЫЗ: САЯБАҚ САЛТАНАТЫ



Ұлыстың ұлы күні қарсаңында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен облыс орталығында қайта салынған Президент саябағы салтанатты түрде ашылды. Іс-шараға құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, мәслихат депутаттары, зиялы қауым өкілдері, барлық ауданнан келген делегаттар арнайы қатысты. Бір жыл көлемінде қайта салынған саябақта жұртшылық та көп.

Облыс басшысы қала тұрғындары мен қонақтарды саябақтың ашылуымен құттықтап, өңірде «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасы аясында атқарылған жұмыстарды атап өтті.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Туған жерімізді ешкім сырттан келіп тазалап, көркейтп бермейді. Отанымызды таза ұстау – әр азаматтың қастерлі парызы» деген болатын. «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасы тұрғындар арасында тазалық мәдениетін кеңінен насихаттауға, туған жерімізді көркейтуге тын серпін берді. Жоба аясында санитарлық тазалық, абаттандыру, тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасауда кешенді жұмыстар атқарылуда. Бюджет қаражатынан бөлек, кәсіпкерлердің демеушілігімен орталық алаңдар, демалыс орындары, ойын, спорт алаңдары қайта жаңғыртылып, тұрғын үйлер мен әлеуметтік

нысандар заманауи үлгіде жөндеуден өткізіліп келеді.

Өңірде біркелкі дизайн-код бекітіліп, облыс орталығынан бастап барлық елді мекендер бірегей архитектуралық талаптарға сәйкестендірілді. Қызылорда қаласында 2 млрд 905 млн теңгеге 83 ескі көпқабатты тұрғын үйдің қасбеттері заманауи панельдермен қапталды. Биыл да бұл жалғасын тауып, 900 млн теңгеге қосымша 21 тұрғын үй жаңғыртылуда. Өткен жылы 1 млрд 300 млн теңгеге 20 көпқабатты тұрғын үйдің ауаларына балалар ойын және спорт алаңдары салынып, абаттандырылды. Облыс орталығында жаңа нысандар бой көтеріп, жасыл желек пен саябақ саны көбейіп, озық сәулет үлгісі қалыптасуда. Өскелең ұрпақ үшін таза, жайлы әрі қауіпсіз орта құру алдағы уақытта да жалғасады.

3-бет

Валюта бағамы \$ 482,33 kzt € 557,57 kzt ₸ 5,74 kzt

Ауа райы: Жексенбі ☀️ +21° 🌙 +3°

Дүйсенбі ☀️ +21° 🌙 +5°

ТҮБІ БІР ТҮРКІНІҢ ҚАСИЕТТІ ШАҢЫРАҒЫ

Ордабасы жерінде осыдан үш ғасыр бұрын ел болашағына айрықша әсер еткен үлкен Құрылтай өтті. Бұл бірегей жиынның мән-мағынасы аса ерекше. Құрылтайда үш жүздің билері және игі жақсылары түгел бас қосып, бір тудың астына жиналды. Ұлт бірлігінің арқасында батыр бабаларымыз Анырақай шайқасында тарихи жеңіске жетіп, бүкіл сырт елдерге қазақ елі тұтастығының күшін паш етті. Осындай елдік пен ерлік дәстүрі ешқашан үзілген емес.

– Біз де тарих жолын жалғастырып, елімізде төрелі жиын, төбелі басқосулар өткізіп келеміз. Ұлттық құрылтайдың екінші отырысы Түркістанда өткенін жақсы білесіздер. Мен осы жерде «Адал азамат» тұжырымдамасын алғаш рет жарияладым.

Мамыр айының ортасында Түркістанда Түркі мемлекеттері ұйымының аясында тиісті мемлекеттер басшыларының ең жоғары деңгейдегі жиыны жоспарланып отыр. Бұл – қазіргі әлемдегі құбылмалы ахуалда өткізілетін өте маңызды халықаралық шара. Үкімет пен әкімдік осы жиынды мінсіз ұйымдастыруға мән беруі керек. Көне шаһардың бірегей тарихи келбетін сақтау, мәдени мұрасын қорғау және жалпы осы облыстық тұрақты дамуы – еліміз үшін маңызды зор міндеттердің бірі. Мен өзін Мемлекет басшысы ретінде бұл мәселеге айрықша мән беремін.

Бір жыл бұрын Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы арнайы Заң қабылданды. Бүгінде облыстың даму қарқыны жалпы жақсы деп айтуға болады, көптеген жұмыс істеліп жатыр. Әкім Нұралхан Кошеров белсенді түрде жұмысқа кірісті, өзі жергілікті ахуалмен таныс, жұмысының нәтижесі сәтті болады деп ойлаймын, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Түркістан облысының негізгі салалар бойынша жетістіктеріне тоқталып, әлі де бір қайнауы кем іс-шараларды пысықтауды тапсырды. Сондай-ақ елдегі өзгерістер туралы айтты.

– Қазір Қазақстанда түбегейлі өзгерістер кезеңі басталды. Оны баршаның жақсы білесіздер. Бәріміз бір ел болып Конституциялық реформаны табысты жүзеге асырдық. Бұл реформаның тарихи мән-мағынасы ерекше. Оның ел дамуына тигізетін ықпалы аса күшті боларына күмән жоқ. Соған байланысты шетелдердің басшылары, саясаткерлер және сарапшылар біздің Конституциялық реформаға аса зор ықыласпен қарап отырды. Олар Қазақстан конституциялық реформаға жанаша көзқараспен қарап, кең ауқымды өзгерістер жасағанын, еліміз Конституцияның мән-мазмұнын өзгертіп, мүдде жаңа тұрпатты ел болғанын айтып жатыр.

Жалпыхалықтық референдумда азаматтарымыз еліміздің жарқын болашағы үшін, яғни, жұрпатарымыз үшін тарихи таңдауын жасады. Ел қолдауына ие болған нағыз Халық Конституциясы тұғырына қонды.

Конституция – мемлекетіміздің болашағына бағдар болатын, ұлттық мақсат-мұратымызды айқындайтын аса маңызды құжат, темірқазық. Мұны да ақиқат ретінде бүкіл дүние жүзіндегі қауымдастық мойындап жатыр. Референдумға жұртшылық өте белсенді қатысты, бұл да қуанарлық жағдай. Осы сайлау науқаны ырысты ынтымағымызды паш етті. Бұл да – өте маңызды үдеріс. Өйткені біз азаматтарымыздың отаншылдық рухын айқын сезіндік, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы және бір сөзінде нағыз отаншыл азамат дегеніміз, бұл – ең алдымен өз жұмысын адал орындап, адал еңбек етіп жатқан адам екенін айтты. Адал еңбекпен келген табыс берекелі болады. Жалқау, еріншек адам ешқашан отаншыл азамат бола алмайды. Қоғамымызға жалаң ұран, бос әңгіме, құрғақ үнде, қызыл сөз керемес, нақты іс қажет. Отаншылдық дегеніміз – әдемі сөз сөйлеп, жұрт алдында керемет болып көріну емес, бұл – ең алдымен елге пайда әкелу, Отанға деген адалдықты нақты іспен көрсету.

– Балабақшада, мектепте, университетте, ғылым институтында, емханада, өндіріс мекемесінде, сауда және қызмет көрсету орындарында, тіпті мемлекеттік қызмет пен әскери саланың өзін айтағанда, барлық саладағы басты құндылық – адал еңбек, адал қызмет болуға тиіс. Осы мақсатпен өткен жылды бүкіл ел болып жұмысшы мамандықтарын дәртіптеуге, оларға құрмет көрсетуге арнадық. Бұл кезекті науқан емес, мемлекеттік идеологияның бір бөлігі, сондықтан осы жұмыспен үнемі айналысуымыз керек.

Жұмыстың жаманы болмайды. Адал жұмыстан ұялудың ешқандай қажеті жоқ. Еңбектің бәрі қадірлі. Бұл даналықты жастардың бәрі жақсы түсінуі керек. Еңбекқорлық халқымыздың болмысына сіңген қасиет болуға тиіс. Оңсыз ешқандай даму да, өркендеу де болмайтыны айдан анық. Ілгерілеу, яғни, прогресс елімізге арнайы шақыру бойынша құрметті қонақ болып келмейді, құнды сыйлық ретінде берілмейді. Ілгерілеуге қол жеткізу үшін бүкіл қоғам бір ұжым болып табанды, үйлесімді жұмыс істеуі керек. Сонымен қатар ілгерілеу, өрлеу дегеніміз – жоғары технологиялар немесе ғылым саласындағы жетістіктер ғана емес, бұл – әрбір саладағы жаппай қажырлы еңбектің нәтижесі, – деді Президент.

Мемлекет басшысы сондай-ақ, қоғамды ілгерілеуге, әділетті жолға бастайтын заң мен тәртіп туралы да пайымды пікір қозғады.

– Мен неліктен Заң мен тәртіп қағидатын міндетті түрде іске асыру туралы жиі айтамын? Себебі заңдар мен қоғамдық тәртіп қатаң сақталмаса, елімізде ешқандай реформа ойдағыдай жүзеге аспайды. Өйткені, бұл – өмірдің саяси заңы. Ел ішін тұрақсыздық жайлаған, билік институттары орынсыз, жөнсіз сын мен шабуылға ұшыраған мемлекеттерде ешқандай ілгерілеу болмайды. Осы орайда, мен біздің еліміздегі қоғамдық өмір дұрыс табиғи жолмен, яғни, эволюциялық жолмен даму керектігін, тоқырауға мүлде жол беруге болмайтынын жақсы түсінемін. Сол себепті 2022 жылдың өзінде Конституцияға Президентті жеткіздік мерзіммен бір рет қана сайлау туралы ереже енгізілді. Президенттің жақын туыстарына мемлекеттік қызметте, сондай-ақ ұлттық компанияларда лауазымды қызмет атқаруға тыйым салынды.

Ал жаңа Ата заңға конституциялық және құқық қорғау органдарының басшыларын бір мерзімге сайлау туралы ереже енгізілді. Біз білетін елдердің конституциясында дәл осындай ережелер жоқ деп айтуға болады. Мен жаңа консультативтік орган ретінде құрылатын Халық кеңесіне үлкен үміт артамын. Бұл құрылым қоғамдық-саяси өмірге қатысты аса өзекті мәселелерді талқылайды, сондай-ақ Құрылтайға заң жобаларын ұсынады, яғни, Халық кеңесі заң шығару бастамасын көтеру құқығына ие болады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы сонымен қатар еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуында маңызды рөл атқаратын салалар бойынша, жетістіктер мен алдағы міндеттер аясында бірқатар дәйекті пікір келтірді.

– Осы сәтті пайдаланып, тағы бір маңызды мәселені көтерейін деп отырмын. Мен Ұлттық құрылтайдың отырысының бірінде Әйгілі Қожа Ахмет Ясауи туралы айттым. Бұл – бүкіл жер жүзіндегі адамзатқа ортақ ғұлама, оны бәріміз ең алдымен қазақ халқының мақтанышы ретінде қабылдауымыз керек. Қожа Ахмет Ясауиді әлемнің әрбір түкпірінде, әсіресе, ірі мемлекеттерде кең ауқымда дәріптеуіміз қажет, бірақ ең біріншіден Қазақстанның жұртшылығына танымал етуіміз керек. Осы тарихи тұлғаға жоғары сапалы туындыларды және фильмдерді арнауымыз керек. Еліміздің әрбір облысында Қожа Ахмет Ясауиді бірегей зияткерлік мұрасына арналған оқуларды ұйымдастыру қажет. Мен жақын арада мемлекеттік наградалар қатарына Қожа Ахмет Ясауи орденін енгізу жөнінде Жарлыққа қол қоямын. Бұл жоғары марапат белгілі отандық және шетелдік ғалымдарға, мемлекет және қоғам қайраткерлеріне тапсырылады. Бұл орденнің мәртебесі жоғары болуға тиіс, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Кемелұлы жаңаруға жол ашатын өз Наурыз мерекесіне орай тілектестік білдірді.

– Ұлыстың ұлы күні Жер-Ана да, еліміз де жаңарып жатқан осы тарихи сәтте айтылған тілектің мән-мағынасы айрықша деп ойлаймын. Сондықтан ең бастысы елімізге амандық, жерімізге тыныштық тілеймін. Қасиетті Отанымыз – Қазақстан Республикасы мәңгі жасасын! Ата заңымыз өз тұғырынан түспесін! Туымыз биікте желбіресін! Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын! Еліміздің төрт құбыласы түгел болсын! – деді Мемлекет басшысы сөз түйінде.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев ел дамуына елеулі үлес қосқан бірқатар азаматты мемлекеттік наградалармен марапаттады.

Қ.ӘБШ

ЕЛІМІЗДЕГІ АЛҒАШҚЫ ӘРІ БІРЕГЕЙ ОРТАЛЫҚ

Ұлыстың ұлы күні қарсаңында Қызылорда қаласы тағы бір заманауи жаңа нысанмен толықты. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, мәслихат депутаттары мен зиялы қауым өкілдері, барлық ауданнан келген делегаттардың қатысуымен еліміздегі алғашқы «Құзыреттілік орталығы» ашылды.



Салтанатты шарада аймақ басшысы өңірдегі серпінді жобаларға тоқталып, жаңа орталық ел игілігіне қызмет ететініне сенім білдірді.

– Наурызнама бойынша бүгін – Жаңару күні. Айтулы мерекеде Мемлекет басшысының тапсырмасымен салынған техникалық және кәсіптік білім беруді дамытуға арналған сәулетті, жаңа заманауи «Құзыреттілік орталығы» ел игілігіне табыстаудамыз. Қаламызға көрік беретін жаңа, әсем ғимаратымыз құтты болсын!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Қоғамның түрлі саласын білікті мамандармен қамтамасыз ету – аса өзекті міндет. Бұл – экономиканы дамыту және инвестициялық тартымдылықты арттыру үшін қажетті бастама» деп атап өтті.

Өткен жылы Президент «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында өңірлерде «Құзыреттілік орталығы» салуды тапсырған болатын. Елімізде баламасы жоқ, бірегей орталық республика бойынша алғашқы болып аймағымызда бой көтерді. Орталық бизнес, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына арналған ортақ алаң болады.

Жұмысшы мамандықтар мәртебесін көтеріп, қоғамда еңбек адамдарын танымал етуге, дәрежесін көтеруге, ең үздік қоғамдық және өндірістік дәстүрлерді анықтап мәртебелеуге, жастарды кәсіби еңбекке баулуға бағытталған орталық ел игілігіне қызмет ете берсін! Жұмысшы мамандықтарының бағала-



нуы – елдің әлеуметтік-экономикалық, мәдени дамуына оң әсер ететін маңызды қалам.

Аймағымызда білім беру саласына 2022-2025 жылдары 1 трлн 159 млрд теңге, биыл 302 млрд 196 млн теңге қаралды. 2022 жылдан бері 43 жаңа заманауи білім беру нысаны салынып, пайдалануға берілді.

Баршаныңды қаламызға таңғажайып көрік берген, заманауи сәулетімен ерекшеленетін «Құзыреттілік орталығы» ғимаратының салтанатты ашылуымен шын жүректен құттықтаймын, – деді облыс әкімі.

Басқосуда білім беру саласының дамуына елеулі үлес қосқан ұстаздар мен жаңа нысанның құрылысын мерзімінде аяқтаған мердігер мекеме қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Бақтиярұлы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің басқарма төрағасы – ректоры Наурызбай Байқадамов сөз сөйлеп, тұрғындарға құттықтауын жеткізді.

Айта кету керек, екі қабатты, 1000 орындық жаңа ғимарат кезінде заңсыз сыртқа кеткен активтер есебінен қаржыландырылған.

Орталық студенттерді халықаралық кәсіби шеберлік жарыстарына даярлау, сарапшылық қауымдастықты дамыту, жұмысшы мамандықтарының танымалдығын, жастардың жұмысшы кәсібіне деген қызығушылығын арттыру жөніндегі бірінғай жаттығу базасына айналады.

Өңірдегі жұмысшы құзыреттіліктері бойынша жастардың кәсіби дағдыларын қалыптастырып, педагогтердің, жас мамандардың озық технологиялармен жұмыс істеуіне, еңбек нарығында сұранысқа ие маман болып қалыптасуына мол мүмкіндік береді.

Жоғары талғаммен салынған зәулім ғимаратқа қызықпағандар кемде-кем.

– Шиелі ауданынан келген делегацияның мүшесімін. Аймағымыз, Қызылорда қаласы күн сайын жаңарып, жасанып жатқанын көріп қуанып отырамыз. Заманауи ғимараттар ажарын айшықтай түсуде. Бүгінгі ашылған

орталық та өте әдемі, биік, жарық екен. Жаңа стильмен салынған нысан шынында көз қуантады. Жастарға, елімізге пайдасы мол осындай нысанның көп болғаны жақсы, – дейді білім саласының ардагері Нойла Пальмбетова.

Жаңа заманауи ғимарат республикалық, халықаралық деңгейдегі форумдар, конференциялар, семинарлар мен көрмелер өткізуге де бейімделген.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

ЖЫЛ ТОҒЫСЫНДАҒЫ ТОЛАЙЫМ ҚУАНЫШ



Наурыз мерекесі қарсаңында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев сол жағалаудағы 400 пәтерлік 10 тұрғын үйді иелеріне табыстады. Салтанатты шараға құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, мәслихат депутаттары, зиялы қауым өкілдері, ел ағалары мен қала тұрғындары қатысты.

Аймақ басшысы жаңа пәтерге қоныстанушыларды құттықтап, құрылыс саласының жетістіктеріне тоқталды.

– Өңірде негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің өсімі қамтамасыз етілді. Тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін баспанамен қамтуға, инфрақұрылымды қайта жаңғыртуда тиісті шаралар қабылданған. 2022 жылдан бері 200-ге жуық әлеуметтік нысан салынып, пайдалануға берілді.

Азаматтарды баспанамен қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік әлеуметтік саясат нәтижелі іске асуда. Бүгін – мемлекеттік қолдауын сезініп, баспаналы болуға ниет еткен әрбір отбасы үшін ерекше қуанышты күн! Қасиетті Рамазан айында, Наурыз мерекесі қарсаңында алған жаңа шаңырақтарыңыздың іргесі берік, кергесі кең, іші татулық пен берекеге толы болсын! – деді облыс әкімі.

Аймақтың ажарын айшықтап, сәулетіне сән қосатын, өңірдің өсіп-өркендеуіне серпін

беретін құрылыс индустриясын дамытуда құрылысшылардың үлесі орасан. Жиында тұрғын үйді сапалы етіп салған құрылысшылар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Солардың бірі – «Интегстрой» ЖШС құрылысшысы Әйгерім Қызбалаева.

– Құрылыс саласында жиырма жылдан астам уақыт еңбек етіп келемін. Негізінен сылақ, тегістеу, түрлі қоспаларды жағу жұмыстарын атқарамын. Кейінгі жылдары облыста құрылыс қарқынды жүргізілуде. Сол себепті қысы-жазы бел жазбай жұмыс істейміз. Нәтижелі жұмыстың арқасында қаншама отбасы баспаналы болып, қуанышы еселенді. Бұл – біз үшін ең әсерлі көрініс – дейді құрылысшы. Ал кезегі келіп, баспаналы болған көпбалалы ана Аяна Мақанова үйінің кілтін алғанда ерекше толқығанын жеткізді.

– Наурыз мерекесі қарсаңында баспаналы болдым. Бұл – мен үшін үлкен жетістік. Көптен күткен қуаныш. Жаңа жыл жақсылығымен келді. Он жылдан бері үй кезегінде

тұрдым. Көпбалалы ана ретінде 2 пайыздық бағдарлама арқылы баспанаға қол жеткіздім. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры саласында еңбек етіп келемін. Мерейлі күнде қуанышымды еселенген облыс әкіміне шынайы алғысымды білдіремін. Баспаналы болу әрбір отбасын жақсылыққа жетелейді. Үй кезегінде тұрғандарға қоныс тойын тойлау бұйырсын, – дейді ол.

Шара соңында қоғам қайраткері Имамдин Оңғарбаев жиналған жұртшылыққа бата берді.

Жалпы тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға 8 мыңға жуық пәтер, кейінгі 3 жылда барлық ауданда алғаш рет жанадан 1800-ге жуық пәтер табысталды.

Өткен жылы 2 477 пәтерлік тұрғын үй салуға бюджеттен 36 млрд теңге қаралса, биыл кезекте тұрған азаматтарға 2 400 пәтер табыстау үшін 55 млрд 600 млн теңге жоспарланған.

Кейінгі жылдары қаламызда заманауи жаңа дизайнмен жеті, тоғыз және он екі қабатты тұрғын үйлер бой көтеруде. Нәтижесінде қаншама отбасы баспаналы болды.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

/// МӘМІЛЕ

ТАРАПТАР ЖОБАНЫ БІРЛЕСІП ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА УАҒДАЛАСТЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Kazakhmys Holding ЖШС директорлар кеңесінің төрағасы Эдуард Огаймен кездесті.

Кездесуде тараптар «Қызылорда қаласында 600 мың сақтау бірлігіне арналған Президенттік кітапхана салу» жобасын іске асыру жөніндегі ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойып, барлық негізгі мәселелерді келісіп, жобаны бірлесіп жүзеге асыруға уағдаласты.

Мемлекет басшысының өңірге жұмыс сапары барысында білім беру және мәдени ортаны дамытуға бағытталған бастамалар көтерілген болатын. Осы бастамалар аясында Қызылорда қаласында Президенттік кітапхана салу туралы шешім қабылданды.

— Бұл — өңірдің білім беру және ғылыми инфрақұрылымын дамытудағы маңызды қадам, — деп атап өтті аймақ басшысы.

Кездесуде жобаны іске асыру тетіктері, тараптардың қатысуы, инженерлік

инфрақұрылымды дайындау және жер телімін рәсімдеу мәселелері талқыланды.

Эдуард Огай компаниялар тобы атынан жобаны қолдауға және құрылыс жұмыстарын жеделдетілген кесте бойынша орындауға дайын екенін жеткізді.

Қазіргі таңда Президент саябағы аумағынан кітапхана құрылысына арналған жер телімі анықталып, учаскені таңдау туралы алдын ала акт пен сызбалар дайындалды. Қалалық мәслихат пен жер комиссиясының хаттамалық шешімдері қабылданды. Облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы аталған аумақта орналастыру жобасын әзірлеуде.

Тараптар жобаны барынша қысқа мерзімде жүзеге асыру туралы келісімге келді.

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» МЫЗҒЫМАС ҰСТАНЫМҒА АЙНАЛДЫ

Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысып, «Таза Қазақстан» тұжырымдамасын іске асыруда атқарылған жұмыстар жайында баяндама жасады.

— Президентіміздің бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында өңірімізде санитарлық тазалық, абаттандыру, тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау бағытында кешенді жұмыстар атқарылуда. Бюджет қаражатынан бөлек, кәсіпкерлердің демеушілігімен демалыс орындары, ойын, спорт және орталық алаңдар қайта жаңғыртылып, тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар заманауи үлгіде жөндеуден өткізілуде.

Соңғы жылдары демеушілер және бюджет қаражаты есебінен Қызылорда қаласындағы орталық алаң, қалалық мәдени-демалыс паркі, Қорқыт ата сквері қайта жаңғыртылып, ел игілігіне берілді.

Күні кеше 14 млрд 900 млн теңгеге қайта салынған Президент саябағы ашылды, — деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Еске салсақ, 2024 жылы «Қазақстан-Корея» бизнес форумы аясында облыс әкімдігі мен корейлік With you E&C компаниясы арасында Қызылорда қаласында жылына 300 мың тонна қатты тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау, қайта өңдеу және кәдеге жарату зауытын салу бойынша меморандумға қол қойылды.

Жоба With you E&C компаниясының 37 млрд 800 млн теңге инвестициясы арқылы қаржыландырылады, үш кезеңде іске асырылады.

Бірінші кезеңде қолданыстағы полигон 7 млрд 500 млн теңгеге жан-

ғыртылып, қалдықтарды сұрыптайтын заманауи кешен салынады. Бұл полигонның қабылдау қуаттылығын жылына 60 мың тоннадан 300 мың тоннаға дейін арттыруға мүмкіндік береді.

Сұрыпталған қалдықтар басқа өндірістерді шикізатпен қамтамасыз етеді. Атап айтқанда, пластикалық тұрмыстық, алюминий бұйымдары, қағаз және картон.

Екінші кезеңде 10 МВт-тан астам электр энергиясын өндіретін коқыс ортеу зауыты салынады. Үшінші кезеңде жыл бойы өнім беретін жылыжай салу жоспарлануда.

Мемлекеттік қолдау шарасы ретінде «Белкөл» кенті аумағынан 4 гектар жер учаскесі берілді. Қаржыландыру «Өнеркәсіпті дамыту қоры» арқылы жүргізілуде. Зауыт құрылысы 2026 жылдың сәуір айында басталады, іске қосылғаннан кейін 160 жаңа жұмыс орны құрылады.

Тұрмыстық қатты қалдықтарды басқару, сұрыптау және өңдеу бағытында «Жасыл даму» АҚ 98 млрд 700 млн теңгеге қаржыландырылған 9 жоба бар. Жаңақорған ауданындағы сұрыптау кешенін іске қосу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, облыстық бюджет есебінен 475 млн теңгеге Сырдария ауданында сұрыптау кешені бар қатты тұрмыстық қалдықтар полигоны салынды. Тағы екі полигон жобасы әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өтіп, қаржыландыруға ұсынылды.

Айта кетейік, ауылдарда қолайлы орта қалыптастыру және тұрғындарды тазалыққа ынталандыру үшін жыл сайын «Үлгілі елді мекен» конкурсы өткізіледі. Соңғы үш жылда жобаға 2 млрд 64 млн теңге бөлініп, үздік елді мекендерге 67 арнайы техника табысталды.



/// САЛТАНАТ



ДАЛА ЗАҢЫНЫҢ БҮГІНГІ ЖАЛҒАСЫ

«Өнер орталығында» облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен еліміздің жаңа Конституциясының қабылдануына орай мерекелік салтанатты жиын өтті. Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты Ұлыстың ұлы күнімен және жаңа Ата Заңның қабылдануымен құттықтады.

— Президентіміз «Біз Халық Конституциясын келешек ұрпақ алдындағы жауапкершілігімізді терең сезіне отырып қабылдадық. Ата Заң — қуатты, күшті, бәсекеге қабілетті Қазақстанның жаңа Жарғысы. Жаңа Конституция — көне заманнан бері бабаларымызға бағдар болған дала заңдарының бүгінгі жалғасы, ұрпақтар арасындағы сабақтастық көрінісі» деп атап өтті.

Жаңа Ата Заңымыз тәуелсіздігімізді, аумақтық тұтастығымызды сақтайды. Азаматтарымыздың құқықтары мен бостандықтарын қорғайды. Елімізді тың жетістіктер мен табыстарға бастайды.

Біртұтас Қазақстан халқының барлық мақсат-мүддесі қамтылған халықтық Конституция еліміздің тыныш-

тығы мен тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Ақордада өткен салтанатты жиында Президентіміз бүкіл халық атынан жаңа Ата Заңымызға, «Конституцияны іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды. Халық Конституциясы 1 шілденен бастап ресми түрде өз күшіне енеді. Енді Конституция күнін мемлекеттік мереке ретінде ұлттық деңгейде жыл сайын 15 наурызда атап өтетін боламыз.

Баршанызды жаңа Ата Заңымыздың қабылдануымен шын жүректен құттықтаймын, — деді облыс әкімі.

Жиында елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына, заңдылық пен тәртіпті нығайтуға елеулі үлес қосқан азаматтар «Парасат», «Құрмет»

ордендерімен, Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен және облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Мерекелік салтанат «Гомирис» би ансамблінің, Тұрмағанбет атындағы халық аспаптар оркестрінің, аймақ өнерпаздарының концертімен жалғасты.

Айта кетейік, Ұлыстың ұлы күні қарсаңында Қызылордада техникалық және кәсіптік білім беруді дамытуға арналған заманауи «Құзыреттілік орталығы», тұрғын үй кезегінде тұрған жерлестерімізге 400 пәтердің кілті табысталды. Сонымен қатар, «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасы аясында жаңғыртылған Президент саябағы ел игілігіне пайдалануға берілді.

БЕРЕКЕ БАСТАУЫ



Жақында ғана «Батыс Еуропа — Батыс Қытай» халықаралық автодәлізінің «Қызылорда — Ақтөбе» бағытындағы тәжік және өзбек қалың жұртының қатысуымен «СБ» ақпарат

ғатын төрт жолақты етіп кеңейту жобасының бірінші кезеңін бастадық. «Бейнеу — Секесуіш» жолының құрылысы да биыл қолға алынады.

Ұлттық құндылықтарымызды ұлықтаған Наурыз мейрамы тәуелсіз елімізге, туған жерімізге толайым табыстармен, жаңалықтармен келсін!

Жеріміздің тынысы кең, еліміздің мерейі үстем, халқымыздың болашағы баянды болсын! Егіміз бітік шығып, қамбамыз астыққа толсын! Әр шаңыраққа Қыдыр қонып, құт дарысын, — деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Наурыз мерекесіне орай тігілген киіз үйлер алдында көрмелер мен салт-дәстүр қойылымдары қойылды. Тәуелсіздіктің 35 жылдығына орай 35 баланың тұсауын, айдарын кесу рәсімдері өткізіліп, ұлттық спорт түрлерінен жарыстар ұйымдастырылды.

Мәжіліс депутаты Мұрат Әбенов құттықтау сөз сөйлеп, көпшілікке ізгі тілегін жеткізді.

Мереке отандық эстрада жұлдыздарының және жергілікті өнерпаздардың концертінде ұласты.

ӨЗ НАУРЫЗ: САЯБАҚ САЛТАНАТЫ

«Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасы аясындағы акцияларға, табиғат қорғау шараларына жастар мен қоғам белсенділері қатысып, үлес қосуда.

Саябақты сапалы етіп қайта салған «Алем Құрылыс» компаниясының ұжымына Сыр жұртшылығының, өз атынан шынайы алғысымды білдіремін. Егемен елімізді көркейту жолындағы істеріміз табысты болсын! — деді облыс әкімі.

Мұнан соң Президент паркіндегі жұмыстарды сапалы атқарған мердігер мекеме өкілдері мен экологиялық акцияларға белсенді атсалысқан еріктілер облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Қоғам қайраткері Жарылқасын Шәріпов ізгі лебізін білдірді.

Бұған дейін газетімізде жазғанымыздай, жаңа саябақ аумағында заманауи субұрқаттар, амфитеатр, спорт, ойын, би, шахмат, баскетбол, футбол алаңдары, биіктігі 50 метрлік айналымы шолу дөңгелегі, велосипед және жүгіру жолақтары, санитарлық пункттер орнатылған. Сондай-ақ 31 гектарға 2 мыңнан астам ағаш, 50 мыңнан астам сәндік бұта және 17 түрлі көпжылдық гүл егілді.

Құрылыс жүргізуші компанияның мәліметінше, саябақта дария арнасынан тартылатын үш арнайы су қоймасы дайындалған. Әрқайсысы 500 текше метр болатын қоймадағы су тек саябақ ішіндегі барлық өсімдік пен тал-теректерді суаруға арналған. Екіншіден, тұрғындардың қауіпсіздігіне қатысты түнгі жарықтандыру шамдары мен бейнебақылау камералары бар.



— Облыс әкімінің қолдауымен біз бұған дейін қаладағы жаңа ғимараттарды аралап, мәдени нысандармен таныстық. Барлық ауданнан келген ардагерлер мен ел ағалары күні бойы шаһарды аралады, — дейді Шнелі ауданының Құрметті азаматы Әшім Оразбекұлы. — Әсіресе, жұмысшы мамандықтарды қолдауға арналған республикадағы алғашқы «Құзыреттілік орталығына» өз басым сүйсіндім. Еңбек адамдарына деген құрмет осындай болса керек. Расы сол, кейінгі үш-төрт жылда біздің Сыр өңірі, Қызылорда қаласы мүлде басқа кейіпке енді. Халықтың қай тобына да керек барлық әлеуметтік-мәдени ғимараттар толық жаңартылды. Ал жол инфрақұрылымы, газ тарту құрылысында біз өзге өңірлерге үлгі екеніміз анық. Сондай-ақ жаңа баспана салу, тұрғын үй санын арттыруда көрсеткішіміз көп. Бұл — нағыз мақтанарлық жұмыс. Екіншіден, мұндай өзгеріс барлық

аудандарда жүзеге асуда. Біздің тілегіміз — облыстың дамуы осы сәтті қадамынан таймаса екен. Аймақ басшысының алдағы жоспарларына сәттілік тілеймін.

Айтпақшы, саябақ аумағын тиімді пайдалану мақсатында бірқатар ірі жоба қолға алынған болатын. Қазір мұнда 300 орындық заманауи балалар лагері, Ботаникалық биімі беру орталығы, тоғыз қабатты 15 тұрғын үйдің құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Сонымен қатар, 200 тесектік жаңа перинаталдық орталық салу жұмысы да басталып кетті. Ал жақын арада көлемі 5,5 гектар жерге Мемлекет басшысының тапсырмасымен жаңа драма театр және заманауи Президенттік кітапхананың құрылысы басталмақ.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»
Суретті түсірген Б.ЕСЖАНОВ,
Н.НҰРЖАУБАЙ

1-бет

Наурыз

Жел, наурыз, төріме шық,

/// 23 НАУРЫЗ – ТАЗАРУ КҮНІ

«Наурыз күншығыс халқының көбінің мейрамы болған. Солардың ішінде, әсіресе, көшпелі түріктердің арасында ең қадірлі, ең ұлы мейрам болып саналған. Наурыз – бақташылық кәсібіне салынған елдің кәсіп мейрамы. Қыс кетіп, күн шырайы түзелген кезде тәңірі ел тіршілігіне көңілік әкеледі деп есептеледі. Сондықтан жазғытұрым Наурыздың кірген күні – жаңалық күні. Ескі ауыртпалықтың бәрі қыспен бірге кетіп, енді жаңа үміт, жаңа тіршілік есігі ашылған күн. Алты ай қыс қабағын түйіп, өлденеге соғары белгісіз болып келген төңірейді иесінің иген күнінде елде ағытқан қойдай жамырасып, көрден шыққандай жылап көрісіп, қуанышты келешекке үміт артып бас қосатын. Бұл мейрам бері келген кезде, өнер тапқан елдер үшін бұрынғы қанды қызуынан айырмаса да, қазаққа соңғы заманға шейін мағынасын жоғалтқан жоқ. Сондықтан қазақ елі Ұлыстың ұлы күнін көтерілген қуанышпен қарсы алатын. Өзге мейрамдардың ішінде жалпақ елдің өмірімен нық байланысы бар мейрам осы болатын. Қазіргі Наурыз жайындағы сөздер сол күндегі ырымды, сондағы амандасу, көрісу, сияқты ұсақ салтты, сол күндегі тілекті ғана білдіреді»

Мұхтар Әуезов

Көктем – табиғаттың ғана емес, адамның да жаңаратын шағы. Қар еріп, жер бусанып, айнала тіршілікке толған кезде қоғам да қозғалысқа келеді. Қазақ үшін Наурыз – жай ғана жыл басы емес, өмірге жаңаша қарауға, өткенді саралап, алға нақты қадам жасауға мүмкіндік беретін кезең. Осы мазмұнды тереңдете түскен Наурызнама онкүндігінің ішінде 23 наурыз – Тазару күні ерекше мәнге ие. Бұл тек аула тазалау немесе сенбілік өткізу күні емес. Бұл – адамның өз өміріне, қоршаған ортасына деген көзқарасын қайта қарауға шақыратын күн.

Тазарудан басталады жаңа жыл



Колөнер – халық қазынасының ажырамас бөлігі. Ел ішінде он саусағынан өнер тамған, колөнердің сан саласын меңгерген ісмерлер елі де бар. Олар асыл мұраның алтын тінін жалпақ келеді. Солардың бірі – шиелілік Жанат Нұрылла.

Асыл мұраның алтын тіні

Оның есімі көпшілікке жақсы таныс. Жақында шеберді «UR-SHYK» республикалық қоғамдық бірлестігі ұйымдастырған фестивальде көріп, әңгімелескен болатымыз.

Ол он жасынан бастап кілем тоқуды меңгерген. Бүгінде шебердің қолынан шыққан туындылары көпшіліктің қызығушылығын туғызып, жоғары бағаланып келеді. Түрлі көрмелер мен фестивальдерге қатысып, шеберлік сағаттарын өткізеді. Халықаралық байқауларға да қатысып, ізденіп отырады.

Шеберге өнер анасынан дарыды. Анасы ауыл-аймаққа белгілі шебер кісі. Текемет басып, кілем тоқып, дәстүрді жандандырды. Арнайы тапсырыспен елімізге белгілі тұлғалардың портретін тоқып, жіппен кестеледі. Кішкентай қыз анасының осы өнеріне қызығып, тоқу ісін үйренді.

Есімде, бала кезімде «Қазақстан-Америка» деген жазуы бар кілем тоқыдық. Шетел азаматтары көп келетін. Олар кілемге есімдерін жаздыратын. Бірде тұркиялық азамат келіп біздің тоқыған кілемдерді суретке түсіріп, бірнешеуіне тапсырыс берді. Кейін білдім, сол кісі кілем тоқитын фабрика ашыпты. Анаман кілем тоқуды үйренді.

Балалық шағымда кілем тоқу, текемет басу қалыпты іс болатын. Бір көшенің бойында тұратын қыз-келіншектер асармен текемет басытын. Жастар жағы үлкендерден осылай үйренетін. Анам жазда өнеркті далаға құратын. Күні бойы кілем тоқып, қолымыз тез жаттықты. Ептілігіме әжем танырқай қарайтын. Қасымда ұршық иіріп отырып, қадағалайтын. Көрші-қолан келсе, ойнатып жібереді. Көз тиеді деп ойласа керек. Студент кезде ауылға қаниқула барамыз. Тағы да кілем тоқып, қолғабыс етеміз. Осылайша кілем тоқу кәсібіме айналды, – дейді кілемші.

Мектеп бітірген жылы ол Ташкент қаласына оқуға түседі. Мамандығы – орыс тілі пәнінің мұғалімі. Қазір де өз саласы бойынша жұмыс

Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы»

Наурызға тілек

Ей, Ұлыстың ұлық күні!
Ұлан-асыр ырысың,
Ұзағынан болсын ол.
Асып-тасқан бүгінгі,
Қызғыңды көрсін ел.

Қызыл шұнақ қысыңның,
Қақыратып қамалын,
Түріп тоңның тұсын күн,
Туды бүгін Амалым.

Көңілдерге періште,
Көлеңкеңді жолатпа.
Төл көбейсін өрісте,
Жол бер ұшар қанатқа.

Саған Жаңа жарқын жыл,
Арман қанша жетпеген.
Қара ормандай халқымың,
Несібесін етпе кем.

Менің дарқан даламды,
Қыдыр жүрсін аралап.
Ашкөз қылмай адамды,
Берсін сабыр, қанағат.

Ұрлеп ұшқын үмітті,
Берекеңі ет әр үйді.
Масыл етпе жігітті,
Жасық етпе сәбиді.

Атсын бейбіт абат таң,
Бақытты ет бар адамды.
Қасиет бер Жаратқан,
Тасытатын Аралды.

Ақ жарылқап сәтті күн,
Ала таңнан жырлады.
Қауышуда тап бүгін,
Қырдағы мен Сырдағы.

Ей, Ұлыстың ұлық күні!
Саған айтар бар тілек:
Арманымыз іште көп.
Жүзімізді жарқын ет,
Ісімізді үстем ет!!!

Толыбай АБЫЛАЕВ

Былды Қызылордада Тазару күніне орай ауқымды жұмыстар қолға алынады. Қала көшелері мен аулалар ретке келтіріліп, арықтар тазаланады, жаңа ағаштар отырғызу жоспарда бар. Әсіресе жастар ұйымдары мен еріктілердің белсенділігі көзге түседі. Олар туған жердің келбетін жақсартуға нақты іспен үлес қосып жүр. Қалдықтарды сұрыптау, қоғалдандыру секілді бастамалар бүгінде бір реттік акция емес, тұрақты әдетке айнала бастаған.

Бұл бағыттағы жұмыстардың маңызын «Қызылорда тазалығы» КМК директоры Сапарғали Асылбеков те атап өтті.

– Тазару күні – жай ғана сенбілік емес. Бұл – әр адамның табиғатқа деген көзқарасын көрсететін күн. Қаланы таза ұстау – тек коммуналдық қызметтің емес, баршамыздың ортақ міндетіміз. Осындай күндері тұр-

ғындардың белсенділігі артып, әркім өз үлесін қосуға тырысады. Өр отырғызылған ағаш, әр жиналған қоқыс – болашаққа жасалған нақты инвестиция, – дейді ол.

Қызылорда қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолшаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі ұсынған мәліметке сәйкес, жыл басынан бері шаһардан 13 мың тоннаға жуық қоқыс шығарылған. Қаланың тазалығын қамтамасыз ету жолында күн сайын таммен таласа еңбекте кірісетін коммуналдық қызметкерлердің еңбегі айрықша. Олар күнделікті 30-40 көшені тазалап, шаһардың қалыпты тіршілігінің үздіксіз жүруіне үлес қосуда. Осындай жүйелі жұмыстар алдағы экологиялық бастамалармен өз жалғасын табады.

23 наурызда елімізде «Мәлдір бұлақ» республикалық ак-

циясы бастау алады. Игі шара аясында бұлақ көздерін аршу, өзен-көл жағалауларын тазарту жұмыстары жүргізіліп, 700-ден астам әлеуетті су нысанын түгендеу жоспарланып отыр. Бұл бастама – табиғатты аялауға бағытталған нақты қадам ғана емес, қоғамды ортақ жауапкершілікке үндейтін маңызды іс.

Тазару күні – тек сыртқы ортаны ретке келтіру емес, адамның ішкі әлеміне үніліп, артық жүктен арылатын ерекше кезең. Күнделікті күйбең тіршілікте жиналған реніш пен ауыр ойлардан арылып, жаңа мақсаттарға бет бұру – осы күннің басты мөні. Осылайша, Тазару күні Наурызнама онкүндігінің қорытынды нүктесі ретінде жанару мен тазалықтың символына айналады.

Бағлан АМАНЖОЛ, «Сыр бойы»



Сурет ашық дереккөзден

Мүйізден мүсін жасаған

Қолөнер – ата-бабаларымыздың тұрмыс-тіршілігімен, дүниетанымымен, салт-дәстүрімен тығыз байланысты қалыптасқан ұлттық мұра. Талғам, шеберлік және өмірге деген көзқарасты айқын көрсететін баға жетпес құндылық.

Қазақ колөнері – тек тұрмыстық қажеттілікті өтейтін бұйым жасау ғана емес, сонымен бірге халықтың эстетикалық талғамын танытатын өнер түрі. Ертеде шеберлер ағаштан, теріден, сүйектен, киізден және металдан түрлі бұйымдар жасап, оларды ұлттық ою-өрнекпен безендірген. Сан алуан тұрмыстық заттар, әшекей бұйымдар, киім-кешек пен үй жиһаздарын жасаған. Кең тараған түрлеріне зергерлік өнер, ағаш өңдеу, тері өңдеу, киіз басу, кесте тігу, тоқымашылық және сүйек өңдеу жатады. Әсіресе ерекше шеберлікпен жасалған зергерлік бұйымдар сәндік әшекейі ғана емес, ұлттық мәдениеттің айнасы болып саналады.

Өткен заман шеберлері мекен-деген жерінде күнделікті тұрмысына қажетті болғандықтан түрлі бұйымдарды қолдан жасап, колөнерді дамытқан. Сондықтан түрлі керек, қазақ колөнерінің болу, сапасы, өрнегі, бояуының өмірге келуі көшпелі өмірмен тығыз байланысты.

Ал біздің әңгімемізге арқау болған кейіпкер Қармақшы топырағының тумасы, колөнер шебері, зейнеткер Самалбек Бұрабаев. Айтуы бойынша, бұл өнер бойында бала кезден бар. Әкесі ағаш шебері болған екен. Көзін ашқалы әкенің шеберлігіне қанығып өскен бала ер жеткенде осы өнерді қолға алған. Кішкентайынан көріп өскесін бо-



луы керек, бойында бейім пайда болады. Әкесі ағаштан ат әбзелдерін, ер-тұрман сондай-ақ қалақ, шелек сияқты тұрмысқа қажеттінің бәрін жасаған екен.

Бірақ ағамыз бұл өнерді ер жетіп, жұмысқа орналасқаннан кейін бір жолдасы қошқардың екі мүйізін әкеліп берген. «Бір жерден көрдім, грузиндер осы мүйізден су ішетін ыдыс жасайды екен, сен де осылай жасап көрші» деп берген. Содан бастап қызығушылық пайда болды да, сүйекпен жұмыс жасай бастайды. Негізгі қолданатын сүйек-

тері – қойдың жауырыны мен жіліктері, сиырдың, қошқардың, ешкінің мүйіздері.

Колөнер шеберінің айтуы бойынша сиырдың мүйізін өңдеп, аршыса, ішіндегі 1-2 қабатын алса, неше түрлі түстер шығады екен. Міне, осы ақпаратты білген соң білімің әрі қарай жетілдіру үшін кітаптар ақтарып, ізденіп, ата-бабаларымыз қалай өңдеген деп қызығып, зерттей бастайды. Осылайша қажырлы еңбектің, төзімділіктің арқасында нәтижеге жетеді. Алланың адамға берген талантының онынан қолдану, сол талантина еңбегіңді қосып жұмыс жасау, кез келген істе тынымсыз

еңбек, шыдамдылық таныту үлкен жетістікке апаратын анық.

Енді мүйізден түрлі бұйымдардың жасалу жолына тоқталамыз. Шебер әуелі тазартып алған мүйізді екіге бөліп, тіліп алады да, ыстық суға салады. Сол уақытта қағаз сияқты жұмсақ материалды екен. Жұмсақтан мүйізді тез арада қажетті қалыпқа келтіріп алады. Ыстық судан шығарғанда мүйіз қайтадан қатады да керекті қалыпты ұстап қалады. Бұйымның әрбір бөлігін осылайша бөлек-бөлек жасап алады. Қалыпқа келген дайын бөліктерді бір-бірімен тағы да сүйек арқылы бекітеді. Шебердің шеберлігі де сонда, шеге я темір пайдаланбайды, тек желім қолданады. Өр біріктіретін бөлікке желім жағып, оның үстіне сүйекті жонғаннан, қырғаннан қалған майда қиқымдарды себеді. Сонда желім көрінбейді, арасында жік қалмайды.

Мұндай жұмысты жасау үшін кейде бір күн, кейде бір апта уақыт кетеді дейді шебер. Өр кезде адамның ішкі ынтасына, көңіл-күйіне көп нәрсесі байланысты.

Қазір облыста және аудандарда ұйымдастырылатын көрмелерге колөнершілер жасаған заттарын апарып жүр. 2017 жылы облыс әкімдігінің қолдауымен өткен көрмеге қатысқан шеберлердің арасынан 22 колөнершіні тандап алып, ЕХРО-ға апарды. Облыстың онкүндігі кезінде өзінің 50-ден астам бұйымын көрермен назарына ұсынды. Өр мемлекеттен келген қонақтар қызығып, тамашалап, біраз бұйымын сатып алған.



Мəshhūr Jūsin Kəpəyūly

«Төлебай баласы Едіге би Баянауылдан жүз кісі болып атқа мініп, Мырзақұл баласы Сәти мырзаға «Наурыздама қылдырамын» деп жолға шықты дейді. Барса Сәти мырза үйінде жоқ, қансонар болған соң, бүркіт алып, шығып кеткен екен. «Мені жоқтапта» деп Баяу есімді бәйбішесіне тапсырып кеткен. «Сіз бір жақтан бір жаққа бара жатқан жолашуы емессіз. Сегіз күн қылмаған соң, Наурыздаманың не сөндігі бар» деп Баяу бәйбіше ас та тек етіп, бір күнін бір күнінен асыра беріпті.

Сәти мырза Наурыздаманың үстіне келіп қалыпты. «Бұл Наурыздама Бағұлдікі болды, өңкіне ортақтаспаймын» деп Сәти мырза Едіге билің өзіне түйе бастатқан тоғыз, онан кейінгісінің біріне түйе, біріне ат берген, жүз кісіден бір кісіні құр қойған жоқ, ең аяғы атшыларға бір-бір матадан үлестіріпті».

Колөнершінің тағы бір қызығушылығы – ата-бабадан мұра болып қалған этнографиялық заттарды, жезден, мыстан жасалған тастаған, құман жинау. Жоғарыда айтылғандай, әкесі аттың жүгенін, ер-тұрман, әбзелдерін әшекейлен жасаған. Содан бері темірге деген қызығушылығы артып, көрген жерінен жинайды. Өр жәдігердің сыртындағы ою-өрнекті зерттеп, олардың сырын білуге құмартады. Қазіргі кезде шеберханасында түрлі ер-тұрман, ат әбзелдері сақталып.

Көненің көзіндей болған әр жәдігер – тұнып тұрған тарих. Өлке тарихынан сыр шертер құнды мұра. Осынау мұралар арқылы ғана ата-бабамыздың қалай, өмір сүргенін, қандай заттарды қолданғанын, ежелгі наным-сенімдер мен салт-дәстүрімізді танымыз. Сондықтан колөнер бұйымдарын насихаттау, дәріптеу, сақтау, келер ұрпаққа жеткізу – біздің алдымызға қойылған үлкен міндет.

Бүгінде колөнер бұйымдары мәдени мұра ретінде бағаланып, көрмелерде, музей қорларында және түрлі мәдени іс-шараларда кеңінен насихатталып келеді. Бұл – халқымыздың бай мәдениеті мен дәстүрін танытатын ерекше құндылық.

Әнсай ӘЗІЗҚЫЗЫ, Қармақшы аудандық тарихи-өлкетану музейінің әдіскері

Қуансын барша адамзат көңілі өсіп!



«22 март – Наурыз мейрамы. Күншығыс халқы тегіс мейрам қылып өткізу салт болған күн. Мұны көп білгіштер дін мейрамы деп жиреніп, лажи болса құрту керек деп сопысынады. Наурызға арналған намаз жоқ. Наурызда құрбан шалынып, құран оқылмайды. Наурыз – жыл басы. Наурыз – мұсылманшылықтан бұрын шыққан мейрам. Наурыз – ел шаруасымен күн көріп, табиғат шарттарына тұрмысы көбірек байланысқан елдің тұрмысы тудырып отырған мейрам. Жұрт қысқы қысымшылықтан құтылып, малы жұт қауіпінен құтылып, аман қалған малы төдеп қорасы толып, өздері егін шаруасына қам қылып, жаз маусымында байлығын молайтудың, табиғаттың иіп тұрған кезінде қолынан келгенше көп өндіріп қалудың шарасын істеп, абыр-сабыр болып жатқан ел шаруаларының талабы қозған ең көңілді уақыты – көктем. Сол көктемнің басы – Наурыз».

Сұлтанбек ҚОЖАНОВ



Күннен жаралу және БӨРІ ТОТЕМІ

Мағжан ақынның: Күннен туған баламын, Жарқыраймын, жанамын. Күнге ғана бағынам... Жерде жалғыз Тәңірі – от. Оттан басқа Тәңірі жоқ... – деген өлеңі түсініген қазақтың қанын қыздырып, қалғаны санасын оятары анық. Мағжан Күннен туу идеясын ежелгі түркілік дүниетанымынан алып отыр. Кейінгі қазақ ақындарының Күнге қатысты өлеңдері де осы ойдың ұшқындары. Ежелгі түркінің түпкі дүниетанымы Мағжанның мына әйгілі өлеңінде айқын көрінген.

Ерте күнде отты Күннен Гун туған, Отты Гуннен от боп ойнап мен туғам. «Күннен Гун туған, Гуннан мен (яғни түркі) туғам», – дейді Мағжан. Гун дегеніміздің өзі – Күн. Ал Күн Тәңірі сенімінен бастауы. Осы идеяның ұшқыны қазақтың өзге ақындарында да кездесіп қалады. Олар бұны біліп жазса санасы саңлаулы болғаны, ал егер білмей жазса, онда да түйсігінде ежелгі бабалар танымның сорабы қалғаны. Түйсікте барлық ақпарат жазулы. Тек оны оята білу керек.

Күнді құдірет санау Түркінің арғы тегі Гуннан да бұрынғы Сақтан жеткен әдеби жәдігер – «Күнге мадақ» жырларында сақталған. Исламға дейінгі әдеби жәдігерлеріміз осы «Күнге мадақ» жырларына басталады.

Біз тұлпарлары қанатты, Мәңгілік жарыққа, Күнге сиынамыз. Күн жарық шашқанда, Күн жылу шашқанда, Жүз мыңдағандар Құдіретті сезінеді... «Қазақтың дүниетанымында Күн – өмірдің, жылудың, жарықтың бастауы... Күннің қозғалысын уақыт өлшемі, бағыт-бағдар, тіршілік ырғағы ретінде таныды» дейді жазушы Мереке Құлқенов «Күннен жаралған ел» атты мақаласында («Қазақ әдебиеті» газеті, №2, 16.01.2026 ж.). Расында Түркілер ғана 24 сағаттан тұратын тәулікті «күн» сөзімен атайды. Демек, ежелгі түркілер Жердің өз кіндігінен айналатынын білген. Ежелгі түркінің жыл ұғымы Жердің Күнді айналып жылжитынын аңғарғаннан туындауы мүмкін. Орыстар жылды «год» дейді. Бұл да Жердің Күнді (отты) бір айналуын білдіреді. Ай атауы да солай. Календарлық күн мен айды аспандағы Күн мен Айдың атауымен атайтын Жер бетілік халықтардың ішінде тек түркілер ғана.

Түркілер киіз үйін тіккенде есігін күншығысқа қаратса, демек ол да Күнді құрмет тұтқанының белгісі. Тәңіріне қайтқан кісінің басын қазақ әлі күнге дейін күнбатыс жаққа салады. Сақ заманынан бері солай. Бұл тіршілік күншығыстан басталып, күнбатыста

аяқталады деген ұғымнан туындайды. Бұндай мысалдар бізде мың сан. Ғалымдар қазіргі біз білетін Жаратушы атаулары осы Күнге табынудан (Тәңірі сенімінің бастауынан) шығып тұрғанын айтады. Мысалы ақын Олжас Сүлейменов Шумердің «уд» сөзі туралы жазған. «Уд» біздің қазіргі тілде – «от». Ежелгі мағынасы – Күннің көзі. Олжас ағамыз осы «уд»-тан «күДай», «бүДда», «гУТ», «гОД» өрбіген деген болжам айтады. Мұқамедке дейінгі «пУД» («пУТ») та сол. Бұл кездейсоқ ұқсастық емес. Осы пайымға сүйенсек, араптың сөзі деп жүрген «күДірет» те жалдымыздан өшіріліп қалған Жаратушының Күдай сияқты бір аты болуы мүмкін. Күдай сияқты болса, ол да түркінің сөзі болғаны. Күдай сөзі парсыдан келді деген тұжырымның түбі шикі. Ол түркінің ең ежелгі сөзі. Арап-парсының тілдік ықпалына ұшырамаған қазіргі алтай тілінде де, сақа тілінде де бар. Ал қазақтың «күда» сөзі «күдай» сөзімен тығыз байланысты. Ол сөз Солтүстік-Шығыс Азиядан Беринг бұғазы арқылы Америкаға б.з.д. 30-10 мыңжылдықтарда қоныс аударған аштек, майя, инк тайпаларында жүр.

Шумер тілінде «уд» Күннің көзі, «уду» Күн Тәңірісі, көне түркіше бұл «Ыдык» (Олжас Сүлейменов, «Азия», А.: 1992 жыл. 229-бет). Керейт руының бір аталығы да «Ыдык» деп аталады. Өткен тауында Ыдык орны бар дегенді ғалымдар айтады. Демек бұл Тәңірге табынатын жер. Керейт руының өзі ірі-ірі «Күн», «Күне», «Күнек» тайпаларынан тұрады.

Гун дегеніміздің өзі Күн дедік. Осы гун сөзі Шөмекей руы атауында тұр. Этнограф зерттеушілердің жазбаларына бұл руды «Чу-му-гун» тайпасынан шыққан дейді. Чу-му-гун дегені Чуя (Шу) өзені жағалауын мекендейтін гундар деген мағына береді. Чуя қазіргі Алтай республикасындағы Қатын дариясына құятын өзен. Ал Қатын дариясы одан әрі Обқа барып ақтарылады. Байкал көлінен әрі, Охот теңізінің жағалауындағы қазіргі Чумикан ауылының атауы осы Шөмекей сөзімен байланысты болуы да мүмкін. Шөмекейдің «Бозғыл», «Аспан» тайпалары да көкке (жоғарыға) байланысты өте ежелгі ұғымдар.

Ежелгі түркі Тәңірін тірек тұтса, адамды кісі сөзімен атаған. Кісі сөзі Күлтегін жазба ескерткішінде «кіші» түрінде жазылғаны берек емес, өйткені адам баласы жалғыз жаратушы – Тәңірінен кіші.

Күнді құрмет тұтудың тағы бір дәлелі, ұйқыдан таң атпай Күннен бұрын тұра. Күн шыққан соң төсекте ауыру адам ғана жатады деген түсінік бар. Күнді қарсы алу ежелгі түркілердің жазылмаған заңы, бұлжымайтын салты. Осы дәстүр қазіргі біздің Наурыз мері-

кемізде сақталып қалыпты. Таң атпай тұрған адам серектігін кеш түскенше сақтайды. Уақыттың моллығынан рақат табады, жан күйзелісін еңбекпен басып, бақытты өмір сүреді.

Бабаларымыз Күнді құрмет тұтуды ұрпақ санасына мықтап сіңіру үшін: Ерте тұрған еркектің ырысы артық, Ерте тұрған әйелдің бір ісі артық... – деп келетін қанатты сөз қалдырған. Осы бір үш бунақтан, он бір буыннан тұратын (4-3-4), қара өлең ұйқасымен айтылатын қос жол өлең үзінгісін білмейтін қазақ жоқ. Бір заманда бұл тұтас өлең болған ғой. Уақыттың сұраптауымен түйіні ғана ұлт жадында жатталып қалған. Егер тұтас сақталғанда ежелгі бабаларымыздың дүниетанымынан молырақ хабар алар едік. Дегенмен осы қос жолдың өзінен тарқатылар ой сорабы санамызды сансаққа сүйелейді.

Балаларын тырнақтайынан Күнді құрметтеп ерте оянуға бейімдеу үшін ежелгі бабаларымыз «Жыл басы» деген тамаша ертегі ойлап тауыпты. Түйе бойына сеніп жылдан құр қалыпты, тышқан ақылдылығымен түйенің үстіне өрмелеп мініп, шығып келе жатқан Күнді бірінші көріпті деп келетін. Баланы титімдей тышқанға теңеп, мақтап қойып ертекті ұғып алуға еліткен. Қазақтың осы ертегісі жер жүзіне жайылды. Осы ертеқ адамның Күнді құрмет тұтып, яғни ұйқыдан таң атпай тұрып, еңбек ету керегін үндеп, сан мыңдаған жылдар бойы адамды жақсылыққа, жаратылыс ырғағымен бірге қозғалуға тәрбиелеп келеді. Бұл ертеқ қазаққа ғана емес, күллі адамзат баласына аса қажет. Оны біреу баласын алдарқату үшін жүйе ғана ойдан шығара салған жоқ. Оның тамыры тым тереңнен, ұлттың дүниетанымынан, салт-санасынан нәр алады.

Ежелгі ұғымда жақсы адамның жаны қайтыс болған соң көк төріне ұшып шығады дейді. «Қаным қаған ұша бармыш – Әкем қаған ұшып кетті», «Күлтегін қой йылқы іеті йегірімке учды – Күлтегін қой жылы, он жетінші күні ұшты». Бұл Күлтегін тас романынан алынған сөйлемдер. Денені тастап көкке ұшып шыққан жақсы кісінің жаны Күнге барып қосылады, Күннің жарығын молайтады, сөйтіп ел-жұртына шуағын шашады. Егер жақсы адам көп болса, Күн сөнбейді, мәңгі алаулап тұра береді деген идея. Сол себепті кісі қайтыс болса, қазақ оған «Тәңірі төрінен орын бергей» деген тілек айтады. Олай дейтін себебі, ежелгі түсінік бойынша, қайтыс болған адам жанының баратын жері үшеу. Өмірде жаман істерге көп шатылғандардың жаны «КӨРГЕ», яғни жер астына түсіп, қара шіріндіге айналады. Жер астында тиісті жазасын алады. Өмірде істеген істерінің жақсысы көбірек

кісінің жаны «ӨРДЕ», яғни жер бетінде қалады. Жер бетінде өсімдік болып көктейді. Бұнда да жаза бар. Тек жақсы істер ғана жасаған, ешкімге жамандық қылмаған ару (таза) адамның жаны жана айтқандай «ТӨРГЕ» аттанады.

Ақын Мағжанның жырлап отырғаны да осы. Ежелгі түсінік бойынша, кісі баласы Күннен туып, Күнге оралуы тиіс. Күннің өмір сыйлауы түсінігі ежелгі аңыз әңгімелерімізде тұр. Ол аңызды дүние жүзі біледі. Бұл Добұн мерген мен оның қатыны Алұн сұлға байланысты аңыз. Алұн сұлу екі ұл туған соң Добұн мерген бір күні аңға кетіп, сол кеткеннен үйіне оралмайды. Екі ұлмен жесір қалған Алұн сұлу кейін тағы еркексіз үш ұл туады. Үлкен екі ұлы: «Шешеміз мына үшеуін кімнен туды?» деп күдіктенеді. Соны құлағы шалған Алұн сұлу: «Түнде шаңырақтан жарық сәулесі түсіп, құрсағымды сипағанда, оның нұры жатырыма сіңіп кететін. Сөйтіп шығар күн мен батар айдың арасында сары ит сияқты шығып кететін», – дейді ұлдарына. Бұл аңыздағы жарық сәулесі Күнді, сары ит бөріні мензейді. Сәулесі/нұрға байланысты осы аңыздың басқа да нұсқалары бар. «Оғыз қаған» дастанында көкжал әйдік арлан бөрі күн сияқты жарық болып келеді. Айналып келгенде айтары біреу, Күннен жаралу және бөрі тотемі. Ақын Есенғали Раушан осы идеяны мензеп «Нұрдан жаралған» атты роман жазған.

Ежелгі бабалар дүниетанымының куәсіндей болған осы кастерлі аңызды кейінгі уақытта келеке ететіндер пайда бола бастапты. Олар әлеуметтік желіде «сендер көктің Сары иті буаз қылған Ұмай деген қатынын тудыңдар, ал біз Адам ата Хауа ананың ұрпағымыз» деп жазба жариялап қояды. Нұрдан жүкті болатын Ұмай емес, Алұн сұлу екені қаперіне кірмейді. Ал Ұмай ана халықтық ұғымда ұрпақ жалғастығының, отбасы берекесінің, нәрестелі аналарды қорғаушы киелі бейне. Періште деп те айтылады. Ұмайдың өтешағы жыл санауымыздан бұрынғы мыңжылдықтарға кетеді. Өлгілердің кейбір жазбасын оқудың өзі ұят. Осыдан-ақ Күннен, яғни нұрдан жаралу сияқты және басқа да қазақтың кастерлі дүниетанымын танытатын рухани қазыналарымыз әлдебір әлеуметтік топтарға ұнамайтыны байқалады. Олар біз үшін қымбат осы аңыздың астарын ұғу былай тұрсын, оның жай оқиғасының өзі саналарына сыймайтын сияқты.

Нұрлыбек САМАТҰЛЫ,
жазушы, «Таң-Шолпан»
әдеби-көркем, көпшілік
журналының бас редакторы

/// ГАЗЕТ ПОШТАСЫНАН

Сырдың бас шаһары – Қызылордаға іргелес Қарауылтөбе ауылы көпке белгілі. Бүгінде елді мекен өзіндік бет-бейнесі қалыптасқан, зиялы қауым мен еңбек адамдарының құтты мекені. 1100 гектар алқапты алып жатқан елдің жұртшылық арасында «Ғалымдар ауылы» деп те аталуы тегін емес. Бүгінде ауылда 342 отбасы, жалпы саны 3250-ге жуық тұрғын тату-тәтті ғұмыр кешуде.

БІЛІМ МЕН БЕРЕКЕ ҰЯСЫ



Ауылдың басты тыныс-тіршілігі Сыр салысы – күріш шаруашылығымен тығыз байланысты. Мұнда Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының тәжірибе шаруашылығы орналасқан. Бұл – ауылдың экономикалық негізі ғана емес, сонымен қатар аграрлық ғылымның қарашаңырағы.

Қарауылтөбе заманауи жайлылықпен толық қамтылған. Табиғи газ және таза су желісі тартылған. Егінге қажетті аяқсу мәселесі де оңтайлы шешілген. Ең бастысы, тұрғындарға арналған шағын медпункт, балабақша және рухани теміржолы болған әулім мешіт жұмыс істеп тұр. Сондай-ақ 150 орындық клуб ауылдың мәдени шараларының орталығына айналған.

Ауылдың болашағы – білімді жастар. Кейінгі жылдары салынған 240 орындық жана мектеп білім ордасына айналды. «Ғалымдар ауылы» деген атқа лайық, қарауылтөбелік өрендер жыл сайын жоғары оқу орындарына мемлекеттік гранттарды көптеп жеңіп алады. Біліммен қатар спортта да ауыл балаларының мерейі үстем. Түрлі деңгейдегі жарыстарда жүлделі орындардан көрініп, ауыл беледіні асырып жүр.

Қарауылтөбе – ескі салт-дәстүр мен әдептің қаймағы бұзылмаған мекен. Мұнда үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету – бұлжымас қағида. Тұрғындардың бір бөлігі тәжірибе шаруашылығында еңбек етсе, басым бөлігі іргелес қалаға барып жұмыс істейді. Еңбеккер халықтың арқасында ауылдың әлеуметтік ауауы тұрақты, рухани денгейі биік. Расымен, біздің ауыл тек күріш егетін жер емес, ол нағыз білім мен дәстүрдің тоғысқан жері. Өрбір шаңырақ ұрпақ тәрбиесіне, оның ілім ізденуіне ерекше көңіл бөледі. Біздің ауыл өзінің ғылыми әлеуетімен, еңбеккер халқымен және білімге құштар жастарымен алдағы уақытта да өңірдің мақтанышы болып қала бермек.

Қарауылтөбе халқы Наурыз мейрамын ерекше сән-салтанатпен атап өтеді. Бұл күндері нағыз этно-ауылға айналып, қазақтың байырғы салт-дәстүрлері тіріледі. Ауыл жастары мен балалары арасында асық ату, тенге ілу, арқан тарту сияқты сайыстар ұйымдастырылып, білек күшін сынағандар қой көтеруден бақ сынайды. Бұл додалар тек көңіл көтеру емес, ұрпақ бойына ерлік пен ептілікті егудің көрінісі.

Ауылдың ең басты мақтаншысы – сөзге шешен, ойы терең ақсақалдар. Жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін «Бата беру» жарыстарына Қарауылтөбе ақсақалдары тұрақты қатысып, жүлделі орындармен оралып жүр. Қариялардың ақ батасы мен өнегелі сөзі – ауылдың мызғымас рухани тірегі десек, артық айтпаспыз.

Ораз БЕЙСОВ,
Қарауылтөбе ауылдық
ардагерлер
кеңесінің төрағасы



Институтта қатар оқыған Ахан атты досымыз болған. Жүрптен көп араласпайтын, бірақ білімге құштарлығы жоғары, қақ-соқпен онша ісі жоқ, оқу орнын алдыңғы қатардағылармен жағаласып тәмамдады. Анда-санда кезігіп тұрды. Кейін байланысымыз үзіліп кетті. Біраз болды. Жақында сол өзінен-өзі телефон шалды. Шетелден. Айтқаныша, жұмысты қойған, жиһанкез көрнеді. Бармаған, болмаған, көрмеген жері мен елі жоқ.

Мен де кезінде жаман оқыған студент. Содан болар жоқпын қазіргі шағымда екеуміздің арамсыз әжептәуір еді. Ол соны ескеріп хабарласқан-ау, шамасы. — Адам мінезі бөлек ғой, шіркін! Маңайында, жанында ойыңмен, жүрек жарды сырыңмен бөлісетін, ақылдасатын, тіпті таласатын, жоралас, жақын қатарың болуы керек екен. Өйтпесе, ішің өзінен-өзі жарылып кетуі мүмкін ғой! Ендеше, бүлінбей тұрғанда бір кереметпен бөлісейін. Жақында ерек елде болдым. Сонда қызық, таңғажайып, ертегідей жағдаймен таныстым. Осындайларға біртабан жақындаудың ғой, — дейді. — Ал айт көргенді, — деп қызығушылық таныта бастадым мен де. Төмендегінің бәрі Ахан аузынан естігенім.

Сол мемлекет ғылымның дамыған тұсы екен. Әсіресе, денсаулық мәселесінде. Өзің ойлап кара! Адам саулығының шыңына жеткен десе де болады. Ғалымдары мен дәрігерлері бірігіп жүректі зерттейтін, емдейтін, тіпті өзгертіп жаңартатын керемет қондырғы ойлап тауыпты. Сол емдеу құрылғысында жатқан сырқат жүрегің сұлай жаңартып алады екен. Ол аз болғандай жүрекке мінездеме беріп, атын атап та беретін көрінеді.

Алайда, осы ел азаматтары емделгенде анау айтқандай таңданыс пен қызығушылық байқалмапты. Шамасы, мұның бір жағы олардың жоғары сауаттылығы мен білімдарлығында шығар. Мемлекет онша үлкен емес. Тұрғындар саны жеті-сегіз миллионың ояқ-бұяғында ғана. Соған қарамастан бәрі білімді, өнегелі. Бәлкім, мәселенің түбірі онда жатқан болар? Кім білген, «Азды ашып, көптің тоқын дегеніне сенбе» дегендей, осы ел азаматтары жүректері кендігі мен жылылығында болар мұның бір сыры. Қондырғыға шыққан жүрек атаулары көпшілігінде шамалас, оңды, жағымды көрсеткіштерге сай болғанға ұқсайды.

Жақсы хабар жата ма, шалғайдағы елдер сырқаттары осы қондырғыға жетуге асығыпты. Алыс жердегілер мұнда келе бастағанда қалыптасқан жағдай күрт өзгеріп сала берген. Сырттан жеткен аурулар жүрегің зерттегенде күтпеген нәтижелер ашылыпты. Олар сол қондырғыға жатысымен-ақ айна бетіне: «Адал жүрек», «Қарау жүрек», «Пысық жүрек», «Аңқау жүрек», «Ашық жүрек», «Есірік жүрек», «Момын жүрек», «Қу жүрек», «Немқұрайды жүрек», тағы сол сияқты жазулар тоқтамастан шыға бастапты.

Мұндайда кім де болса сармаққа қалмасы анық. Жұрт ойлана түсіп, іске кірісіпті. Мысалы, «Аңқау жүректі» адам «Пысық жүрек» негері болуы үшін шамалы ем алса болды, өзгеріп шыға келеді екен. «Қарау жүрек» иелері қымсынды, «Адал жүректі» болу үшін ұмтылады екен. Бірақ олардың кейбіреулері оралып, «Қарау жүрегіміз» жақсы екен деп бұрынғысына ауыстырып жатады екен. Көпшілік шатақсыз қалай жүрсін? «Сұм жүректі» атанғандар жата қалып айқай шығаратын көрінеді. «Көкс, маған осыны дәлелдеп беріңдер» деп. Қондырғы жанында тұрған дәрігерде не қауқар болсын? Олар қатты сасып: «Уа, ағайын, өз-өзіңді талдап, зерттеп, бүкіл өміріңді ескен неге қарамайсың, бізге өмірдің жапқанша деп, ағынан жарылатын көрінеді.

«Жемқоржүректілер» дегені шәкірәт: «Не сұмдық, қайдан көрдің менің жемқорлығымды» деп бас салатын көрінеді. Бұған да дәрігерлердің тұшымды жауабы болмасы анық. Арасында Құдайына қарағандар ойланп, сәлден соң қайта кіріп, жүрегіміз жұмсартып, өзгертіп бер деп өтінетін көрінеді. «Есірік жүректі», «Қу жүректілер» де шатақ шығармай емдеу болмасын шықпайды екен. Баршаның тыныш, момақандар «Аңқау жүректілер» мен «Момын жүректілер». Солардың кейбіреулері ғана адам аз кезде оралып, сәл пысықтау болғым келеді дейтін көрінеді. Дәрігерлер сырттан жеткен аурулар жүрегінің көзге көрініп тұрған ерекшеліктерін байқап, аң-таң!

Алыс елдерден жеткен сырқаттар жүрегінің осы ел адамдарымен салыстырғанда соншама өзгеше болуы дәрігерлерді қайран қалдырыпты. Адамның басты міндеті өзгеше көмектесу болғандықтан олар осы таңданарлық мәселенің түбірін амалсыздан зерттей бастапты. Алдымен ем алып жатқан азаматтармен пікірлесіпті. Оларға жай сауалдар қойыпты. Отбасыңыз, жақандарыңыз, әріптестеріңізбен арақатысыңыз қандай? Өмірлік ұстанымыңыз қандай? Айналыңыздағыларға қояр талабыңыз қандай? Осы жеңіл сұрақтардың өзіне ем алушылар мандытып жауап қайтармапты. Жалпылама, жалтарма жауаппен құтылыпты. «Маған осының керекті не, ертен естіген жұрт не дейді» деп, үйреншікті сарынмен шектеліпті. Олардың айтқысы бойынша бәрі жақсы, баршасы дұрыс. Дәрігерлер одан сайын таң-тамаша!

Ахан сөзін жалғастырды: «Осы жағдайлармен жетік танысқаны жолын тауып сол емханаға бардым, біршама еңбектеніп қай елден сырқаттар көп келетінін біліп алдым» деді ол. Алыстағы құрлықта орналасқан, халқы жаңағандан бес-алты есе көп ел екен. Бірден сол елге аттандым. Өзімнен әйелім және ұлым бірге жүреді қайда барсам да. Қазір менен қай елде болдың деп сұраса, нақты жауап бере аламын деп айт алмаймын. Өйткені бір елде бір, біржарым, екі жылдан артық тұрған емеспіз. Соған әбден үйрендік, өзім де, отбасым да. Осы неге сүйеніп дүниені

шарлап жүр деушілерге жауабым дайын. Мен алғашқы кезде төрт-бес елден соң әлемнің алдығы елінде жеті-сегіз жыл қозғалмай еңбектендім. Нәтиже жаман болған жоқ. Жеке үй алдым, әжептәуір қор жинадым. Үйімді жалға беріп қойдым. Уақытша аялдаған елде де қарап отырмаймын. Содан қаржылық жағдайым, шүкір, жаман емес.

Мына елде ұзақ тұрақтадық. Жалпы отбасым мүшелері ағылшын тіліне жеткіліз. Қажеттілік туғасын үйреніп алдық. Сөйтсек, көп ел осы тілді мықты біледі екен. Бізге де керекті сол. Жоғарыда айттым ғой, егер алты айға жетпей жүрек қасиетін өзгертіп алуға болады деп. Ендеше, осы мерзім өтіп кетсе онда адам өмірінің соңына дейін сол жүректен өмір сүреді екен. Мысалы, «Қу жүректі» адам «Адал жүректіге» ауысқандарының талайын көріп жүрміз қатты көңіл жүргендерін. Олар табыстарының күрт азайып жеткендеріне реніш білдірді. Ал адал жүректен қу жүрекке ауысқандардың да арызы аз

— Шынымды айтсам, сенің көзқарасың маған бұрын ұнады ма. Содан болар сенен көзімді айыра алмай қалғаным. Сен де маған көзін салдың. Оны байқадым. Жалпы, адамды адамға жақындатытын жанар ғой. Көзді алдай алмайсың! Ол сенің айтқаныңа көнбейді. Жүрегің не деп тұр, көзің соны айна қатесіз ашады. Өмір көрген адам осы құпияны жақсы түсінеді. Өзгенің не ойлап, нені мақсаттап тұрғанын оның жанарынан-ақ оңай байқайды. Әдетте пейілі тар, ойы көлеңкелі адамдар сәлем бергенде көзін тыққыштайды, түпкі ойымды біліп қоймасын деп. «Құдың көзі қысыңқы» дегендей. Біліп қой, қолың берген адамның көзін алып қашқаны ойының таза еместігі. Ендеше, мен сенің жақсы адам екеніңді бағана көзіңнен-ақ көріп білдім, — деп сөзін жалғай берді байымды ақсақал әйеліме қарап.

— Мен осы елдің ежелгі тұрғынымын. Ата-бабам да осы елден. Елім мен туған халқым үшін жаным қатты ашиды. Бірақ соңғы жылдары ахуалымыз нашарлап

шешеді дегенге өз басым сенбеймін! Ол бер жағы ғана. Өйткені, адамды жаратқан Ұлы Жаратушы. Алла адамға туғанда пәк, ешбір күнәсіз жүрек сыйлады. Түбінде жүректі құртатын да, қорғап аман алып қалатын да адамның өзі, — деп, сөзін жалғастырды ол. Сөйтсек, бағанадан бергі әңгілемізді мұқият тыңдапты. Есімі Зайд екен. Сөзіміз жұртты осындай қызықтырады деп ойламапты. Іштей риза болдық. Қасымызға жайғасқан азамат ойын айышқаттай түсті.

— Мен солтүстіктегі нән теңіздің арғы жағалауындағы елдің азаматымын. Осы мәселеге біздің көзқарасымыз тіптен бөлек. Адам жүрегінің сырқаты негізінен сана кемшілігінен туындайды. Біздің елде осы зерттеліп дәлелденген. Басты себеп адамдар қатысындағы күрделі кемшіліктер. Тікелей айтқанда өзге жанның адам санасына түсіретін зиянды әсері мен қарымды салмағы.

— Жарайды, түсінікті онда. Ғаламда қанша адам болса да, олар біріне-бірі




Фото: Алия Дерексәзден

емес. Олар — өміріміз қиындап кетті, достарымыздан айырылды, көбісі қазір бұрынғыдай емес, теріс қарайтын болды деп шағынады.

Турағымыз шағын қала. Мұнда бірін-бірі жыға танымаса сәлем бермейді екен. Ал алғашқы көп тұрақтаған елімде кез келген бейтаныс адам қарсы келе жатқан кісіге қолын көтеріп, жылы жүзді сәлемін береді. Күн өте ыстық болатын. Шөлдімі басылып деп шағын сусынханаға кірдім. Іште екі-үш адам ғана. Алдыма жасы өзімнен біраз үлкен кісі отыр екен. Мен оған күле қарап сәлем бердім. Ол да сәлемімді жылы жүзбен қарсы алды.

— Көке, амансыз ба! Мынның түсін танғынша, бірдің атын біл дегендей, Сіздің көп көргеніңіз байқалып тұр. Айтарыңыз мол болар, — дедім.

— Е, бұл болмыстың жұмбағы көп қой. Өзіңдей інім, ықылас білдірсе неге жөн айтпаса. Қилы-қилы заман өтті. Оңын да, терісін де көріп, байқадық. Қызығы сол, теріс дегеніміз кейін оң боп шықты ғой, — деді сол кісі, амандық пен жауап-жарпадан хабар алып болғасын. Қария ныспысы Мұфтақ екен.

— Сонда талап өзгерді ме, әлде адам өзгерді ме?

— Сен, не деген көреген едің? Біздің елде тұрғанына шамалы-ақ болды делін жана ғана. Сонда мұның бәрін қайдан көріп, қалай сездің? Ендеше, екеуі де өзгерді. Өзің қай жатқан боласың. Түріне қарасам бұл жердікі емессің, — деді ол қымша күліп.

— Менің елім алыста, өзге құрлықта. Қазіргі кәсібім ел көру, жер көру. Біраз болды осы елде тұрып жатырмын деп, келген мақсатымды білдірдім оған. Ол ойланп қалды. Түріме таңдана да, таңырқай да қарағандай болды. Қарап тұрмай, менің қолыма, айналаға қарап қояды, біртүрлі секем алғандай.

— Адам денсаулығы үшін не істемейді, қайда бармайды? Оған таңданудың қажеті не?

— Дұрыс қой айтқаныңыз. Бірақ сіздің елден көп болып тұр ғой жүрегі ауыратындар, — дедім мен қосарлана. Оның енді ғана шешіле сөйлен келе жатып, себепсіз өзін тоқтатып, кідірткендей байқап.

— О жағын білмедім, шүкір, жүрегіме өкпем жоқ, — деді тағы да салмақпен.

Одан әрі айтар сөз қалмағандай көрінді. Екеуміз екі жаққа бет алдық. Содан не керек, тығырыққа тірелгендей болып жүрдім бір уақ. Кімге барарымды, кіммен сөйлесерімді білмей.

Мұндағы дүкендер жұрт көп жүретін орын. Келушілер, ішінде әсіресе жақсы келгендер шамалы демалып, сусын ішіп, күш жинап, бірге жүрген балаларын, серіктерін күтіп отыратын ыңғайлы, кең алаң бар. Сол дүкенге кірдік. Мен ұлыммен қосыла, оған ұнайтын ойынды көреміз деп жаңағы жерге кештуге келдім. Сөйтсек, әйелім бір карт кісімен шүйірлесіп отырған үстінен түстік. Бйалай бопты. Ертелеу келіп демалып отырады жұбайым. Сол уақта алдында отырған карт кісінің көзін қадап отырғанын байқапты. Ыңғайсызданыпты. Сосын ойына қалай келгені белгісіз, үлкен кісіге кез болсан ізет көрсет деген есіне орала кетеді ғой. Ол орнынан тұрып жаңағы қадала қарап отырған қария алдына жақындап, іліп сәлем салып ауылдағыдай. Қария жанары жаңа көзі ашылған жас баланкіндей көзімдідей жарқырай түседі.

— Қарағым, қай ауылдың баласысың?

Менің есіме өз діламыз түсудің-ау, айналайын! Алла тілеуінді берсін! Осы қалаға қоныс аударғалы біраз уақыт болды. Мұндағы болмыс даланикіндей емес екен. Өзгешелік көп. Елде баршасы сөзім тыңдар еді, мұндағы күйім онша емес. Жаңа сені көріп, біртүрлі жақын тұтып, далдадағы ауылдастарым есім түсіп, бір рахаттанып қалдым. Сөйтсем, оным негізсіз емес екен, сен өнегелі бала екенсің, — депті қария. Дәл осы сәтте мен де ұлыммен қосылдым жандарына. Сәлемдестік. Келіңшегі мені таныстырды. Қария атты Ахмад екен.

— Дұрыс болған екен. Ерлі-зайыптыны Құдай қосады дегендей, екеуің де бір топырақтан жаралған екенсіңдер, — деп, ақсақал сөзін жалғастыра түсті.

кетті. Бұрын бір-бірімізбен ашық-жарқын сөйлесуші едік, қазір олай емес. Білмеймін, не болғаны?! Бірімізге біріміз сырмызды ашық айтудан қалдық, — деп сөзін жалғасты қария.

— Ия, неге соншама түңілдіңіз? Онда мұның себептерін де білетін боларсыз, — деп, сөзге мен де қосылдым.

— Себебін білсем шағынып нем бар? Сенің аужайың менің түпжайымды қозғады ғой. Адам қанағатыл болу керек. Бірақ бұл көбінің қолынан келе бермейді екен. Барлық бәле осы мінезден туындаған-ау? «Жаман айтпай жақсы жоқ» дегендей осыған мен бірден жеткен емеспін, мұны бір заматта көріп, ұғынған жоқпын. Қарапайым күнделікті өмір үйретті. Жақын адамдар бар. Онымен жастайымнан дос, жақсымын. Кейінгі уақытта көп өзгеріп ісса берсін. Жақымда алыс елге барып емделіп келді. Бұрын жағдайы абақоныр болса, қазір адам қызығардай. Кәсібі сәтті жүрген сияқты. Дұрыс қой. Кім оған қарсы. Өркімнің жолы бөлек, бағы өзге. Бірақ жұртпен бұрынғы, ақ жарқын бола беруді кім тыйыпты? Мұнда сағарға кісі жоқ сөз ұғарлық дегендей.

— Ия, сонымен не болды?

— Не болғаны бар болсын! Күнәра өзі хабарласып, жағдай сұрасып, не қажет деп, епелекпен тұратын сабазын қазір жөнді жауап бермейді ғой сауалына!

— Бұған не себеп болды екен?

— Соны өзім де таба алмай шаршап отырмын ғой. Бірақ сеземін қайдан бәле келгенін. Семіздікті аң көтереді деген.

Осыны естігенде мен еріксіз күліп жібердім. Ақсақал ұнатпай қалды.

— Ия, шырағым, не болды соншама күлгеншеңің, — деді ағаман азамат қауыңы. Мен үлкен кісінің алдына түсіп епелектей жөнелдім.

— Жоқ, көке, жаңағы «Семіздікті аң көтереді» сөзіңіз біздің еліміздегі «Семіздікті қой көтереді» дегенге қатты ұқсағанын күліп едім, кешіріңіз дедім. Қандай тамаша теңеу! Мағынасы жақын-дай, ұқсап тұр ғой. Сіздерде далдада өріп жүрген аң көп екен. Шамасы, сол жануарлар кейде адамның жеке қорасындағы малы іспеттес те болар?

— Сөзіңіз жаны бар. Бұрын дәл солай болған. Ауыл күнкөрісі сол манайда өріп жүрген аң болғаны рас. Анның көптігі сонша, оны аулауда қиына соқпайтын. Жұрт аздап егін егетін. Қалған күнкөрісі сол аңның арқасында іске асатын. Қазір, әрине, жағдай өзгерген. Осы мәселе мені көп болды толғандырғаны. Бұрынғымен қазіргіні салыстырамын. Ендеше, сенің сұрағына жауабым да дайым! — деп, маған қуақылына қарап қойды.

— Уақыт ұзарды, заман өзгерді. Талап-талғама ұлғайды. Көңіл өтті, толқыды. Пейлі мен мақсат та бір орнында тұра алмайды, дамыды, шақылды. Пенде қатынасы мен араласы жұқарды, ұсақтанды, қажыды. Сөздер үстірт, жапаң, таяз, шындықты ашпайды, жасырады, сырын бүркейді, ертен қалай болар екен деп сактанады. Ауыз бен ақсақанның күйлері оңалып, ауқымдары өрледі. «Ас адамның арқауы» деген расқа айналды! Жүректің қиынысу мұддем жеңілденді. Жеңілдеу ме, жұмыс ма? Оған тек ағзаға қан айдау ісі ғана қалды. Ойлану мен кенесу, шайысу мен болысу, достасу мен жақындасу жадынан кете бастады. Сөйтіп, ол да өзгерсе бастапты. Өзінің атам заманнан келе жатқан басты міндетін, негізгі жұмысын, түбегейлі ісін жүрек аман жок ұмыта бастапты. Қараусыз, тәрбиесіз, білімсіз қалған жасөспірім не болушы еді? Ол сөз жоқ, ойсыз, талғамсыз, қауқарсыз, түкке жарамайтын пенде болып шықпақса амалы бар ма? Жүрекке, көңілге мән берілмей тасарла қалды. Тыста, қараусыз, қиналды, қапаланды, жүдеді. Осыдан соң ауырмай жанымын жүрек! — деп қорытынғы сөзін ақтарды қария.

Осы сәтте: «Дұрыс-ақ! Бірақ, мұнымен сөз аяқталмайды!» деген салмақты дыбыс шықты шекемемден. Жалт қаралдық. Артымызда жайғасқан орындықтан орта жастағы азамат тұрды. Қасымызға келіп отырды.

— Сол шағын елде жасалған емдеу қондырғысы адамзат жүрегі мәселесін

ұқсамайды. Сонымен аса құнды. Сендер барша адамды бір бағытқа келтіріп, тәрбиелеймін дейсің. Ал мұның бір шеті адамның жеке құқығын шектеуге соқтырмай ма? — деп, Ахмад сөзге араласты.

— Дұрыс айтасыз. Кейде болымсыздау, теріс мінездің сыртынан «Жақсы болса да өзі үшін, жаман болса да өзі үшін» деп жатамыз. Ал енді осы дұрыс па? Қатты ренжігенде тар пейіл, өзгенің жетістігін көре алмай күндейтін азаматты ұрып-соққанды да келеді. Дұрыс па? Жоқ, әрине. Онда томен қарап тыныш отыра берейің. Болымсыз пенде осыдан кейін қанша азаматты жағымсыз мінезбен, салқын да қатал жүрегімен қинайды, бүлдіреді, бұзады екен? Сөйтіп, олардың біразы соның жолына еріп, теріс бағытына түседі. Осыдан азаматтар мен қоғам жүдейді. Бұған көніп, теріс құбылысты өгітмен жіберуге бола ма? Сондықтан, сол бұрыс мінезді азаматқа көмек беру, қолдау, тәрбиелеу дұрыс жолға сәлу баршаңыздың парызыңыз!

— Сөзің жақсы, жылы екен, інім! Бірақ, бас нобайыңды ұстай алмадың. Тәрбиені адам мектепте, жоғары оқу орындарында алады. Ересек, ұстанымы қалыптасқан, өмірлік тәжірибесі зәден орныққан адамды қалай өзгертіп, оған қандай тәрбие бермекшісің? Бұл өте қиын, ауқымды, орындалуы мүмкін емес жұмыс! — деді Ахмад алқымдап.

— Мінезі теріс адамдар жөнінде толық ақпарат болуы тиіс қоғамда. Өзіміз білеміздей пейілді, ешкімге жаны ашымайтын қатал, маңындағы жүрдім-бардым қарайтын, үлкен болсын, кіші болсын болмашыға дүрсе қоюға даяр, тек жеке қамыға күйттейтін адам қоғамның досы емес. Мінезі теріс, жүрегі салқын адамдар қоғамға көп зиян келтіреді. Демек, оларда кіно бар, бірақ аз, бас кіно теріс тәрбие бергендерде. Сондықтан ол азаматтарға ел түсінушілікпен қарайды, барынша көмектеседі, түсіндіреді. «Қалауын тапса қар жанар» дегендей, данышпан айтқандай игілікті тәрбиеге көнбейтін жан жоқ. Біздің елде адамның мінез-құлқы жөнінде министрлік бар. Ашылғанына біраз болды. Сол маңызды ұйым өзінің түрлі ауқымды жолдары мен әдістері арқылы әр азаматтың дерлік мінез-құлқын зерттеп талдайды, соған байланысты іс-шаралар орындайды, азаматтарға арнайы жәрдем-көмек беріп, оңалту жұмыстарын атқарады. Өйткені, әрбір азамат, қуыл ол жақсы болсын, мейлі жаман болсын, мемлекет тірегі, онда оның мінезі мен құлқы, ниеті сол қоғамның негізгі байлығы мен қазынасы. Осы ұйым ел азаматтарының тәрбиелеуге жауапты. Мана тәрбие жоғары оқу орнымен біту керек дегенді естіп қалдық. Адам баласы өмір бойы рухани қазына жинауы тиіс. Тәрбиенің көкесі осында жатыр! Тәрбие тоқсандығы қарттың өзіне де қажет! Жүргізілген зерттеулер экономикалық ахуалға адамдар мінезін кемшілігі өндірістің өзге мәселелерінен анағұрлым зор кері әсер ететінін анықтады. Сондықтан азаматтар мінезін бір-біріне жағымды, үйлесімді болуының мәні өте жоғары. Соның нәтижесінде соңғы жылдары елдің экономикалық ахуалы айтулы өсті, жүрегі ауыратындар саны күрт төмендеді, — деді Зайд.

— Адамда екі білім болады. Біріншісі мектепте, одан арғы білім беру ошақтарында алғаны мен кітап оқып жинағаны. Екіншісі өз көзімен көргені, білгені. Бірінші біліммен ешкіммен таласа алмаймын, бірақ екінші білім өзімдікі. Осыған дейін көргенім де бар. Талай ауыл маңында болмағандарды байқадық. Біразының ақыры анау айтқандай болған емес. Өйткені, Алла адамның пейіліне береді ғой. Олардың пейілі тұр. Сондықтан бұларды тәрбиелеу ел қатарына қосамыз дегенді қолдаймын. Егер тәрбиеге көнер боласа. Көңбей қайда барады? Ауылда балалары көп отбасыларда бір-екі еркерлері болатын баяғыда, тәртіпке көнбей өз бетіне жүретін. Келе келе, есейе, ақыл кіре олар да көптің тәртібіне бас құтағын — деп, Ахмад қария аталы сөз қозғайды.

— Бетің, жүзін бар демей, өзгенің кемшілігін бетіне басатын азаматтарды ардақтаймыз. Өйткені, олар қоғамның

шың жанашырлары. Ал өзге не істеп, не айтса да, бұғып, бәлесінен аулақ деп томен қарап отыратындарға құрметіміз шамалы. Олар ешкімге жаны ашымайды. Жүрек ең күшті және ең нәзік мүшесі ғой пенденің. Оны күтіп, мөпелеу керек. Бұл сол адамның ғана міндеті емес. Керек болса қоғамның міндеті. Кез келген адам қоғам қамқорлығында болуы тиіс. Сонда ғана жүрек шалқиды, дамиды, өседі, ашылады, жан-жағына қасиеті мол жылу шапалады. Өзі жәрдем, көмек, жылу көрмеген жүрек айналсаына қандай көмек беруші еді, тәйірі?! Жақсы, өнегелі, болымды істер атқарып жүрген адамды сыртынан жұрт мынау көргенді екен деп жатады. Ендеше, сол адам істеген ісі алдымен оның жүрегінен шығып жатады. Бұл ақиқат. Онда өзгенің өнегелі қимылдарын көрмеген жүрек өз-өзінен біреуге жақсылық пен жылулы қалай төгеді? Ендеше, әрбір азаматтың мінез-құлқына қолайлы әсер ету қоғамның басты міндеті, — деп, жауап қайырды Зайд. Сөз тізгінін қолынан тіпті шығарар емес.

— Адамның жан жолдасы деген достары болады. Көп емес. Олар әдетте бірінен-бірі ешнәрсесін аямайды, барынша көмектеседі, бар тірлігіне жанашырлықпен көмектеседі. Ендеше, сол көңілдері жақын азаматтарды біріктіріп жатқан қандай күш екенін білесіңдер ме? — деп Ахмад ақсақал сөзге тағы араласты.

— Дұрыс-ақ! Егер елдің барша азаматтары игілікті, өнегелі, адам қоғамына сай жайлы қатынаста болып, нағыз достар сияқты болып жатса кімге пайда, кімге зиян?! Сонда шындап келгенде олардың бәрі бір-біріне жаңа сіз айтқандай жан жолдас болмай ма? Ендеше, біздің ел осындай жаңаруға бет алды, жаңа адами қатынас үлгілері өмірге енгізілген соң. Тіпті қоғам мүдде жандарды деуге болады. Ел азаматтары құлды бірмен-бірі Құдай айырмаса, жан айыра алмайтындай дос болуға, бірінің бірі сөзін, ықыласын жерге тастамай, мол жанашырлықпен көмек көрсетіп, бұрынғы майда пенделілік көлеңкелі мінездерден алаңсыз құтылды. Бірінің жетістігіне өзінкіндей қуанады, олқылығын көрсе, бетіне басалды дос жылатып айтады дегендей.

— Бұрын өмірдің кез келген қиындығына байланысты адамдар ауыратын аурулар жойылды, сол сырқатты емдеуге кететін қаржы мен адамның күш-қайраты өзінің игілігі үшін жұмсалатын болды, адамның ойы мен санасы тынышталып бостандық алды, рахат тауып кенді, бар болмысын игілікті істер атқаруға барынша толық жұмсайтын болды, қоғам біртүлі артты, азаматтар шығармашылығы күрт өсті. Егер ел болымды, өнегелі, кең, жылы жүректі азаматтарға толы болса, онда олардың бәрі сенің жан-жолдасың емес пе?! Онда сенің болмысың сапасы ертегідей жақсы болмай ма?! Онда әр адам нелігінде бар ақылы мен санасын, жігері мен қайратын, ықыласын мен пейілін қоғам мен ел үшін төгеді. Ендеше, осы нағыз дамыған, өскен, өркендеген, әр адам үшін тұтін аямақ қоғам емес деп қай жүрек жүтқан айтар екен? — деп, демін әзер алды ғой Зайд.

/// ШАЙХИСЛАМ СЕРІКБАЙҰЛЫ – 100



Биыл еңбек ардагері, қоғам қайраткері Шайхислам Серікбайұлының туғанына 100 жыл толып отыр. Қызылорданың аға және орта буын өкілдері бұл есімді жақсы таниды. Замандастарының айтуынша, ол қандай жағдай болса да тайсалмайтын, шындықты ашық айтудан тартынбайтын еді. Лауазымы жоғары тұлғалардың алдында да ойын жасырмай, пікірін тікелей білдіретін. Осы мінезнен болар, кейбір шенеуніктер оның ортасынан қашқақтайтын.

ШЫНДЫҚТЫ
ТУ ЕТКЕН ТҮЛҒА

Ш.Серікбайұлы теміржолшы мамандығын облыстық «Путь Ленина» газетінде атқарған журналистік қызметімен шебер ұштастырды, бірнеше кітап жазды. Құрметті теміржолшы, белгілі жазушы, журналист әрі қоғам қайраткері ретінде тек облысқа ғана емес, одан тыс жерлерге де кеңінен танылған тұлға.

Жуырда И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда политехникалық жоғары колледжінде 100 жылдық мерейтойға арналған «Қоғам шындығын қаламмен жазған қайраткер» атты әдеби-танымдық кеш өтті. Шараны №12 қалалық кітапхана мен политехникалық колледж ұжымы бірлесіп ұйымдастырды. Оған теміржол саласының ардагері Сисенбай Шермаханов, Қызылорда теміржол бөлімшесі ардагерлер кеңесінің төрағасы Марат Тайжанов, облыс журналистикасының ардагерлері, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, Шайхислам Серікбайұлының туған-туыстары, әріптестері, шәкірттері, сондай-ақ оқу орнының ұстаздары мен студенттері қатысты.

Мерейтойлық кеш театрландырылған қойылыммен басталды. Жиналған қауым алдында сөз сөйлегендер кітап кейіпкерінің еңбек жолы мен сала дамуына қосқан үлесі туралы айтып берді.

Шайхислам Серікбайұлы 1926 жылы Қазалы ауданының Қожабақы ауылында шаруа отбасында дүниеге келген. Ол ел ішін аштық пен түрлі ауру жайлаған, ең алдымен балаларға зардабы тиген қиын уақыт еді. Сәбилер жұқпалы аурулар кесірінен шетінен кететін.

Серікбайдың отбасында да алты баладан тек Шайхислам тірі қалды. Бірақ ата-анасы оны ерекшелік еркетпейтін. Содан болар жастайынан еңбекке араласып, жұмысқа бейімделді. Ақсақал кейінгі жылдары аш-жалаңаш өткен балалық шағын, тұрмыстың ауырлығын, білім ала алмағанын жиі еске алатын.

Ойын ойнап, алаңсыз жүруіне мүмкіндік болмаған, әкесі ерте дүниеден өткендіктен, ересектермен қатар еңбек еткен.

Кейін жас жігіт фабрика-зауыт училищесін тәмамдап, кешкі мектепті Жанақазалыда оқып бітірді. Паровоз депосында машинистің көмекшісі болып еңбек жолын бастады.

Ол өзіне тәлімгер болған орта жастағы машинисті ерекше ықыласпен еске алатын. Жас жұмысшыларға әкелік қамқорлықпен қарайтын адам еді. Бірде паровоз жүк тиелген құрамға соғылудан бірер минут бұрын машинист депо ғимаратынан сыртқа шығып кеткен. Сол кездейсоқтық оның өмірін сақтап қалды.

Ұлы Отан соғысы басталғанда елдегі ер-азаматтардың басым бөлігі майданға аттанды. Ал тылда қарттар, әйелдер мен балалар ғана қалды.

Балалар ерте есейді, зауыттар мен фабрикалардағы станоктардың басына тұрды, күн-түн демей еңбек етті. Әр адамның санасына «Барлығы майдан үшін, барлығы Женіс үшін!» деген ұран орнықты.

Майданға қару-жарақ, оқ-дәрі, азық-түлік қажет болды. Халық бар күш-жігерін аямай еңбек етті. Соғыс жылдарының ауыртпалығы балалардың да тағдырына қатты әсер етті. Олар ерте есейіп, өмірге басқаша көзқараспен қарай бастады.

Сол кезде адамдар бар нәрсені үнемдеуге мәжбүр болды. Тіпті азық-түлік те қартықпен берілді. Оның өзінде нан тек жұмыс істейтін адамдарға ғана тиесілі болатын. Әрине, бұл өсіп келе жатқан жас ағзаға жеткіліксіз еді. Бірақ соған қарамастан адамдар барға қанағат етуге мәжбүр болды.

– Мен үшін ең қымбат күн – 9 мамыр, – деп еске алатын Шайхислам Серікбайұлы. – Сол күні мен түнгі ауысымда жұмыс істеп жүрген едім. Радиодан фашистік Германияның тізе бүккені, соғыстың аяқталғаны туралы хабар берілді. Адамдардың қуаныштан

«ура» деп айқайлап, бір-бірін құшақтап, көздеріне жас алған сәті әлі күнге дейін көз алдымда.

Соғыстан кейін ол Ташкент теміржол техникумына түсіп, оқуын аяқтаған соң туған жері Қазалыға оралды. Алайда теміржол саласында ұзақ жұмыс істей алмады. Комсомол жолдамасымен бірнеше жыл мемлекеттік қауіпсіздік органдарында қызмет атқарды.

Бала кезінен кітап оқуды жақсы көретін. Қолына түскен газет пен кітапқа бар зейінін салатын. Бірте-бірте әдебиетпен айналысуды армандап, өзі де жазып көре бастады.

Ақыры С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне оқуға түсті. Еліміздің басты оқу орнындағы танымал ғалымдар жас жігіттің тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етті.

Университетті тәмамдаған соң облыстық «Путь Ленина» газетіне қызметке шақырылды. Бес жыл бойы Арал және Қазалы аудандарында меншікті тілші болып жұмыс істеді.

Кейін қайтадан теміржол саласына оралып, Қызылорда бөлімшесінде кадр бөлімін басқарды. Дегенмен журналистикадан қол үзген жоқ. Облыстық газетке ғана емес, «Правда» және «Гудок» сияқты орталық басылымдарға да мақалаларын жариялап тұрды.

Шайхислам Серікбайұлының қаламынан әлеуметтік-экономикалық және мәдени-рухани мәселелерді көтерген мазмұнды материалдар туды.

Бала кезінен-ақ қазақтың батырлары, билері мен тарихта аты қалған тұлғалары туралы аңыз-әңгімелерді қызыға тындап, кітаптарды сүйіп оқыды. Кейін есейген шағында Жалаңтос баһадүр, Әйтеке би, Ғани Мұратбаев, Сәбит Мұқанов және басқа да белгілі тұлғалар туралы бірнеше кітап жазды. Бұл кітаптар қазақ және орыс тілдерінде жарық көріп, бүгінгі күнге дейін оқырман қызығушылығына ие болып келеді.

Ақсақал әңгімешіл еді, туған өлкенің тарихы мен бүгінгі тынысы туралы, Сәбит Мұқановпен, ғарышкер Герман Титовпен және басқа да танымал адамдармен кездесулері жайлы сағаттап әңгіме шертетін.

Әр адамның өзіне тән ерекшелігі болады. Шайхислам аға адам ешкімге немесе жағдайға тәуелді болмай, рухани тұрғыдан еркін болуы тиіс дейтін. Сондықтан да қоғамдағы үлкен мәселелерден ешқашан шет қалмайтын. Мәселен, «Байқоңыр» ғарыш айлағына қатысты өзінің нақты пікірін білдіріп жүрді. Кез келген адамды, қажет болса, лауазымына қарамай сынға алатын.

Ақсақалдың басты арманы адамдардың өзара татулық пен келісімде өмір сүруі еді. Өмірге әрдайым оптимизммен қарады. Табиғатқа да, адамға да зиян келтірмеу ұстанымынан айнымады.

Шайхислам аға жұбайымен бірге үш қыз, екі ұл тәрбиелеп өсірді. Балаларының барлығы әкесінің атына лайық азамат болып ержетті.

Бүгінде олардың бәрі зейнет демалысында. Кенже ұлы Әділхан Шымкент қалалық сотының төрағасы болып қызмет атқарады. Үлкен ұлы Асылхан Шайхисламұлының айтуынша, әкесі олардың жадында өзіне де, балаларына да талапшыл адам ретінде сақталған.

– Әкеміздің көңіл-күйі болмаса, көзіне көрінбеуге тырысатынбыз, – деп еске алады ол. – Бірақ өте ұқыпты, тазалықты ерекше жақсы көретін адам еді. Әр жексенбі сайын мені және інімді алдымен шаштаразға, содан кейін моншаға алып баратын. Бүгінде біз өзіміз де ата-ана болдық, немерелеріміз өсіп келеді. Соған қарамастан әкемізді әлі де сағынамыз.

Шайхислам Серікбайұлының дүниеден өткеніне биыл 10 жыл толды. Оны еске алған адамдар: «Ондай адам бүгінгі күні сирек кездеседі» дейді. Халық жадында ең алдымен адалдықты қадірлеген, шындықты қорғап, оны батыл айтудан жасқанбаған тұлға ретінде мәңгі сақталып қалды.

Бағлан АМАНЖОЛ,
«Сыр бойы»

ӘКЕНІҢ ӨНЕГЕСІ
ӘРКЕЗ ҮЛГІ

Халқымызда «Әке – асқар тау, ана – бауырындағы бұлақ, бала – жағасындағы құрақ» деген сөз бар. Сол айтылғандай, асқар таудай әке Жаңбырбай Нұрылдаұлының өмірден өткеніне жиырма жыл болыпты. Азда, көп те уақыт емес. Көзі тірісінде мейіріміне бөлеп, жетектеп жүрген немерелері қазір ер жетті. Бірақ қанша жыл өтсе де, оған деген сағынышы жан сыздатып, көңілді мұңайтады.

Жаңбырбай Нұрылдаұлы 1943 жылы 21 мамырда Қызылорда қаласында өмірге келген. Соғыс кезі. Елдегі жағдай қиын. Әкесінен жастай қалған жалғыз бала шешесіне көмектесіп, ертерек есейеді. Отбасының мың-сан тіршілігіне араласа жүріп, әбден шынықты. Азамат жасына жеткенше қиындыққа төзімді, қайсар мінезді болып қалыптасты.

Сол уақыттың ыңғайымен алдымен 7 жылдық мектепте оқып, әрі қарай кешкі мектеп бағдарламасын бітірді. 1963 жылы әскер қатарына шақырылды. Алайда отбасында жалғыз бала болғандықтан, азаматтық борышын қаладағы ішкі істер органында 3 жыл қызмет атқару арқылы өтейді. Осы уақыт ішінде өзінің қабілет-қарымын дәлелдеп, қатардағы қызметтен бастап аға лейтенант, взвод командирі дәрежесіне дейін көтерілді.

Көп ұзамай шаңырақ көтеріп, отбасын құрды. Құдай қосқан жары Патира Жаманқұлова «Қазпочтада» еңбек ететін. Кейін осы мекемеде басшылық лауазымынан зейнетке шықты.

Олар бір шаңырақ астында қырық жылдан астам тату-тәтті өмір кешіп, отбасында төрт бала дүниеге келді. Балаларына жақсы тәрбие беріп, білім алумен қатар еңбек етуге баулыды. Ата-ана үмітін ақтаған ұл-қыздары, немерелері бүгінде қоғамның әр саласында қызмет етіп жүр.

Тұңғыш перзенті Серік Жаңбырбайұлы ҚР Ұлттық қауіпсіздік қызметі саласында 25 жыл еңбек еткен, бүгінде запыстағы полковник шенінде құрметті ардагер. Ол кісінің айтуынша, әкесі өте талапшыл адам болыпты.

– Әлі ұмытқаным жоқ, әкем бала күнімізден бастап тәртібімізді қатаң қадағалап отыратын. Мектепте оқып жүргенде күнделігімізді тексеріп, оқуымызға көңіл бөлетін. Менің әскери салада білім алуымды қалайтын еді. Кейін жоғары оқу орнына түскен кезімде де ақылдан айтып, бағыт-бағдар беретін. Анамыз да әрдайым бізді «Әкең келе жатыр» деп тәртіпке шақыратын.

Әкеміздің тағы бір жақсы қасиеті, көпшіл болатын. Ағайын-туыс, дос-жарандарының басын қосып, жиын-тойларды ұйымдастырып жүретін. Кімнен болсын, қолынан келген жәрдемін аямайтын. Біздің алға қойған мақсатымыз – әкеміздің атына кір келтірмей, халыққа қалтқысыз қызмет ету.

Әкеміз 2006 жылы 63 жасында өмірден өтті. Балаларын жеткізіп, немерелерінің қызығын көрді, соған шүкір дейміз. Анамыз әлі ортамызда, жасы 80-ге таяды. Ұрпағының ұлағатына бөленіп отырған асыл әже, – дейді Серік ағамыз.

Иә, Жаңбырбай Нұрылдаұлы қаладағы автокомбинатта жұмыс істеген жылдары іскерлігімен әрі кәсіби шеберлігімен танылған. Дәлірек айтқанда, іргелі мекемеде жүргізуші, механик, колонна бастығы лауазымын абыроймен атқарып, зейнетке шықты.

Ұзақ жылғы жемісті еңбегі бағаланып, ҚР «Құрмет грамотасымен», «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған. «КСРО-ның құрметті автомобилисі», «Социалистік жарыстық жеңімпазы» атанған.

Әке ізін жалғаған ұрпақтары өмірден өз жолдарын тапқан. Жоғарыда атап өткеніміздей, шаңырақтың үлкені Серік Жаңбырбайұлы



ҚР Ұлттық қауіпсіздік қызметі саласының өкілі, запыстағы полковник. Оған кейінгі қызы Лаззат кәсіпкер болса, екінші ұлы Берік «Қазгермұнай» ЖШС мекемесінде қызмет атқарып, зейнетке шыққан. Ал Досмағанбетовтер отбасының кенже қызы Жанат білікті дәрігер-психолог.

Атасының көзін көрген, тәрбиесін бойына сіңірген немерелері де биік асуларды бағындырып жүр. Олар Төтенше жағдай, Ұлттық қауіпсіздік қызметі және ішкі істер органында қызмет етіп жүрсе, енді бірі спорт саласын бағындырған.

Иә, есімі елге етене таныс Мөлдір Жаңбырбай қазақтан шыққан қара-төң тұңғыш Әлем чемпионы. Сондай-ақ ересектер арасында Азия және Әлем чемпионы. Токио Олимпиадасының қатысушысы. Халықаралық дәрежедегі спорт шебері.

«Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп бере алмайды» деген сөз бар. Расында, әкенің орны әрдайым бөлек. Бір сөзбен айтқанда, ол – отбасындағы тәлім-тәрбиенің түпқазығы.

Бұл күнде саялы бәйтеректей өсіп-өніп, тамырын терең жайған Жаңбырбай әулеті де қоғамға, елге қызмет етуге әке тәлімінің жемісін көріп келеді.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

/// ЖИЫН

ҚОЛДАНЫСТАҒЫ
ҚАҒИДАЛАРДЫ ЖЕТІЛДІРУДІ
ҰСЫНДЫ



Қызылордада кәсіпкерлік ортаға әсер ететін өзекті мәселелердің бірі – санитарлық талаптардың қатаңдығы мен олардың бизнеске түсіретін салмағы талқыға түсті. Кеңес отырысында шағын және орта бизнес өкілдерінің қызметін шектейтін нормалар жан-жақты қаралды.

Негізгі назар Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілген санитариялық қағидаларға аударылды. Атап айтқанда, адамның өмір сүру ортасы мен денсаулығына әсер ететін нысандар үшін белгіленген санитариялық қорғаныш аймақтарының талаптары кәсіпкерлер үшін қаншалықты тиімді екені қайта зерделенді.

Мамандардың айтуынша, қолданыстағы ережелер кәсіпорындардың қуаты мен технологиялық ерек-

шеліктерін ескермей, барлығына бірдей талап қояды. Мысалы, V қауіптілік классына жататын нысандар үшін тұрғын үйлерден кемінде 50 метр санитариялық қорғаныш аймағын сақтау міндеттелген. Алайда бұл талап шағын өндіріс орындары үшін шамадан тыс жүктеме болып отыр. Соның салдарынан кәсіпкерлер шағын өндіріс орындарын орналастыруда инфрақұрылым мен логистикаға қатысты қосымша шығынға ұшырап отыр.

Кеңес мүшелері мұндай бірінші нормалар қайта өңдеу кәсіпорындарының дамуына кедергі келтіретінін атап өтті. Өндіріс көлемі аз болса да, кәсіпкерлер ірі кәсіпорындарға қойылатын талаптармен теңестіріліп отыр. Салдарынан өндірістік нысандарды орналастыру кезінде қосымша инфрақұрылымдық және логистикалық шығындар көбейіп, бизнес ашу мен жүргізу қиындай түседі.

Сарапшылар бұл мәселені шешу үшін тәуекелге негізделген және икемді тәсіл қажет екенін алға тартты, яғни кәсіпорынның нақты қуаты, технологиясы мен қоршаған ортаға әсері ескеріліп, санитариялық қорғаныш аймақтарының көлемі соған сәйкес белгіленуі тиіс.

Отырыс қорытындысы бойынша кеңес мүшелері қолданыстағы санитариялық қағидаларды жетілдіру жөнінде нақты ұсыныстар әзірледі. Бұл ұсыныстарда шағын қуатты объектілер үшін талаптарды жеңілдету және оларды сараланған түрде қолдану мәселелері қамтылған.

Дайындалған бастамалар алдағы уақытта республикалық деңгейде қаралуы үшін Бәсекелестікті қорғау және даму агенттігіне жолданбақ. Ұсыныстар қолдау тапса, бұл өңірдегі ғана емес, жалпы елдегі шағын және орта бизнестің дамуына жаңа серпін беруі мүмкін.

Бағлан АЙҒАЛИҰЛЫ

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Хабарландыру

«Аққұм Жер» ЖШС-нің кезектен тыс жиналысы 2026 жылдың 28 наурыз күні сағат 11.00-де Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Аққұм ауылы, Аққұм ауылдық мәдениет үйінде өткізіледі.

Күн тәртібінде:
1. Серіктестік қатысушыларының «Аққұм Жер» ЖШС құрамынан бөлініп шығуы.

Жиналысты шақырушы бастамашы топ

Облыстық қоғамдық даму басқармасы, «Сыр медиа» ЖШС ұжымы, Қазақстан Журналистер одағының облыстық филиалы ардагер-журналист, серіктестік ардагерлер кеңесінің төрағасы Кенжалы Ермбетовке ағасы **Есенжол Ермбетовтің** қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Облыстық және қалалық ардагерлер кеңесі «Сыр медиа» ЖШС ардагерлер кеңесінің төрағасы Кенжалы Ермбетовке ағасы **Есенжол Ермбетовтің** қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Қос бұрымы төгілген

Қазақ халқы ертеден қыз баланы әдептілік пен ибалылыққа тәрбиелеген. «Қыздың көркі – шаш» деп бекер айтылмаған. Бабаларымыз қыз бойындағы бар сұлулықты бір бұрымға сыйдырған. Қыздардың жас кезінен-ақ бұрымын айрықша күтімге алып, ұзын етіп өсірген. Бойжеткеннің шашын табиғатына қарай қолаң, сүмбіл шаш десе, өрімін жалғыз, қос бұрым деп атаған. Бұрын қазақ қыздары шашын көбіне қос өрім етіп өріп, белінен төмен түсірген.

Ал қазір еуропалық үлгіге еліктеген жастар шашын қылып, түрлі-түсті етіп бойды. Бірақ Айсана Өскенбай шашын өсіріп, шолпысын тастаған емес. Ол 10-сынып оқушысы. Жақында «Бұрымды ару – 2026» облыстық телевизиялық байқауына қатысып, үздіктер қатарынан көрінді.

– Қазақ қызы бұрымымен ерекше. Бала күнінен бұрымды қыздарға қызғатынмын. Шашым қалың, түсі қою болды. Анам жуып, тарап, өріп қоятын. Күтіміне күршіттің суын қолданатын. Есейе келе өзім де өруді үйрендім. Шаш туралы ырым-тыйым көп. Әсіресе үлкендер айтқан сөзге құлақ асамын. Өрілген шаш тез өседі. Шаш өскен сайын адамның күш-қуаты артып, сабырлы, төзімді бола бастайды. Көпшілік жерге барғанда таңырайқарайтын болады. Сол себепті әшекей тағып қоямын. Қазір шаш күтіміне арналған сусандар жеткілікті. Бірақ құрамын зерттеп барып, қолданамын. Көбіне анам үйреткен табиғи күтімді жасаймын, – дейді ол.

Айсана бала күнінен өнерлі, зерек оқушы атанды. Қолөнерге жақындығы анасынан дарыған. Ұлттық аспаптарда да еркін ойнайды. Ойыншықтарды тоқып, сәнді сөмкені моншақтардан жасайды. Өзіне қажетті киім мен бұйымды қолдан тоқып, сұлулыққа құмартты. 12 жасынан бастап шашын өсіріп, бұрымды қыз атанды.

– Бұрымның ұшына күміс теңгелер мен моншақтардан шашбау, шолпы тағамын. Қозғалғанда әсем дыбыс шығарып, сымбатын ажарлай түседі. Негізінен шаш өсіру – дәстүрі қыз баланың тәрбиесін, тазалығын, нәзіктігін және сұлулығын көрсететін ұлттық құндылық. Сол себепті шашымды әлі де өсіре беремін, – дейді ол.

Қарап тұрсақ, халқымыз шаштың қасиеті терең екенін түсіндірген. Бүгінде мұны біле бермейміз. «Ақ үйден бір қыз шықты көзі күлген, шаштарын он күн тарап, бес күн өрген» деп ғажап суреттеген емес пе?! Сол көріністі, сұлулықты Айсана сынды бұрымды қыздар сақтап келе жатқанына көңіл қуанады.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»



Газетіміздің келесі саны 28 наурыз, сенбі күні шығады.

/// ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНДАҒЫ ГИДРОГЕОЛОГИЯЛЫҚ-МЕЛИОРАТИВТІК ҚЫЗМЕТКЕ – 55 ЖЫЛ

Биыл Қызылорда облысында гидрогеологиялық-мелиоративтік қызметтің құрылғанына 55 жыл толып отыр. Бұл қызмет Сыр өңіріндегі суармалы жерлердің жағдайын бақылап, ауыл шаруашылығының тұрақты дамуына ықпал етіп келеді. Табиғи-климаттық жағдайы күрделі аймақта суармалы егіншілік жүйесінің дұрыс жұмыс істеуі өңір экономикасының негізгі тіректерінің бірі болып саналады.

СУАРМАЛЫ ЖЕР – ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ НЕГІЗІ

Қызылорда облысының климаты қатал әрі күрт құбылмалы. Арал теңізінің тартылуы – БҰҰ деңгейінде танылған ірі экологиялық апаттардың бірі. Осындай жағдайда өңірдегі ауыл шаруашылығы толықтай дерлік суармалы жүйеге тәуелді. Бүгінде Қазақстанда өндірілетін күршіттің шамамен 90 пайызы Сыр өңірінде өсіріледі. Күрші шаруашылығы аймақ экономикасының басты драйверіне айналып, облыстағы 350-400 мыңға жуық адамды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етіп отыр.

Суармалы жерлер – Қызылорда облысы үшін ерекше маңызға ие табиғи және экономикалық ресурс. Сондықтан егістік алқаптардың жағдайын тұрақты бақылап, гидротехникалық жүйелерін уақытылы жөндеп, бастапқы калпына келтіріп отыру аса маңызды. Суармалы алқаптарды тиімді пайдалану – өңірдегі ең өзекті мәселелердің бірі. Су ресурстары мен ирригация саласында еңбек ететін мамандардың басты міндеті – суармалы жерлердің қазіргі деңгейін сақтап қана қоймай, оны келесі ұрпаққа одан да жақсы күйде жеткізу.

Арал өңірінде күрші өсіру өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдарынан басталады. Сол кезеңнен бері Сыр өңіріндегі күрші шаруашылығы облыстық экономикалық жағдайын жақсартып, халықтың тұрмысын көтеруге үлкен әсер етті. Алайда суармалы егіншіліктің қарқынды дамуы бірқатар экологиялық және гидрогеологиялық мәселелерге себеп болды. Суару көлемінің артуы, Сырдария өзенінің толық реттелуі, техникалық бөгеттердің көбеюі және Арал теңізіне келетін судың азаюы аймақтағы гидрогеологиялық тепе-теңдікке әсер етті. Сонымен қатар суармалы жерлердің ұлғаяуы, су минерализациясының жоғарылауы, жерасты суларының көтерілуі, агротехникалық талаптардың толық сақталмауы топырақтың екінші реттік тұздануына алып келді. Бұл ауыл шаруашылығы дақылдары өнімділігінің төмендеуіне қауіп туындатты.

Осы мәселелерді шешу мақсатында Кеңес Одағы кезеңінде гидрогеологиялық-мелиоративтік қызмет жүйесі құрылды. Қызылорда облысында бұл қызмет 1967 жылы суару-қашыртқы дренаждық жүйелері негізінде гидромелиоративтік құрылым ретінде ұйымдастырылды. Кейін мекеме бірнеше рет қайта құрылып, 1975 жылы Мелиоративтік-суару жүйелерін пайдалану Қызылорда басқармасы болып өзгертілді. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін 1995 жылы «Қызылорда гидро-

геологиялық-мелиоративтік экспедициясы» мемлекеттік мекемесі құрылды. 2003 жылы мекеме Су ресурстары комитетінің құрамындағы ұйым ретінде қайта аталды. Кейінгі жылдары мемлекеттік басқару жүйесіндегі өзгерістерге байланысты мекеме құрылымы бірнеше рет жаңартылып, бүгінде Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігіне қарасты «Қызылорда гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы» республикалық мемлекеттік мекемесі ретінде жұмыс істеп келеді.

Қазіргі уақытта мекеме Қызылорда, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Атырау және Маңғыстау облыстарындағы суармалы жерлердің мелиоративтік жағдайына мониторинг жүргізіп, олардың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстарды жүзеге асырады.

Мекемеге басшылық жасаған тұлғалар жөнінде айта кету керек. Олар: 1975-2002 жылдар аралығында Әжімбетов Палмағанбет, 2002-2011 жылдар аралығында Сағымбаев Серікбай, 2011-2013 жылдар аралығында Кенжалиев Келесбек, 2013-2021 жылдар аралығында Құламбаев Қаржау, 2021-2022 жылдар аралығында Мұхтаров Айдос мекеме басшысының міндетін атқарды. 2022 жылдың 20 шілдесінен бүгінгі күнге дейін мекемені ауыл шаруашылығы ғылымдарының магистрі Мүсіреп Азамат басқарады.



Мекеменің қалыптасуы мен дамуына тәжірибелі мамандар үлес қосты. Олардың қатарында Дәурен Нұрмышев, Зауытбек Шаханов, Нияз Құрмашев, Әлішер Иманов, Айнидин Жұмабаев, Кенжеғали Әжімбетов, Гүлжан Молдахметова, Жанат Есмағанбетова, Кеңес Байімбетов, Айдар Баймаханов, Наурызбай Балмаханов, Дина Би-мураева, Мұхтар Досмағанбетов сияқты сала ардагерлері бар.

Бүгінде мекеме суармалы жерлердің мелиоративтік жағдайына мониторинг жүргізіп, гидрогеологиялық бақылаулар ұйымдастырады, топырақ-мелиоративтік зерттеулер жүргізеді және суармалы алқаптардың жағдайын жақсарту бойынша ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлейді.

2026 жылы мекеме ауқымды жұмыстар жүргізуді жоспарлап отыр. Қызылорда, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Атырау және Маңғыстау облыстарында жалпы көлемі 391,7 мың гектар суармалы жерге мелиоративтік зерттеу жүргізіледі. Жерасты суларының деңгейі мен тұздылық режиміне 23190 рет гидрогеологиялық бақылау жасалады. Суармалы егістік алқаптарындағы 243 бақылау ұңғымасына

ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Коллекторлық-дренаждық суларының ағысына 640 рет гидрологиялық бақылау жасалады. Сонымен қатар 16 мың гектар аумақта топырақ-мелиоративтік зерттеу жүргізіліп, суармалы жерлердің жағдайы бойынша 22 ғылыми есеп дайындалады.

Өңірдегі су тапшылығы жағдайында ауыл шаруашылығы өндірісін тиімді жүргізу үшін бірқатар шаралар қажет. Соның ішінде күрші алқаптарының бір бөлігін қысқартып, суды аз қажет ететін жүгері және қант құмайы сияқты дақылдардың үлесін арттыру ұсынылады. Сондай-ақ Қызылорда облысын дамытудың жол картасына сәйкес 2000 шақырымнан астам суару каналдарын қалпына келтіру жоспарланып отыр. Бұл шара суармалы суды үнемдеуге және ауыл шаруашылығы өнімдерінің тұрақты өнімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, облыста бұрын жұмыс істеген 162 тік қашыртқы ұңғыманың бүгінгі күні тек 18-і ғана жұмыс істеп тұр. Қалған 144 ұңғыманы қайта іске қосу жерасты суларының деңгейін төмендетуге, топырақтың тұздануын болдырмауға және су тапшылығын азайтуға ықпал етеді.

Соңғы жылдары су үнемдеу технологиялары да енгізіліп келеді. Қазіргі уақытта Қызылорда облысында 55,7 мың гектарға жуық суармалы жер лазерлік тегістеу әдісімен өңделген. Бұл технология ылғалдың біркелкі бөлінуіне мүмкіндік беріп, суды 20-30 пайызға дейін үнемдеуге және ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін 15-20 пайызға арттыруға мүмкіндік береді.

Мамандар күрші егісінің ауыспалы жүйесін онтайландыруды, суармалы жүйелерде тамшылатып, жанбырлатып және топырақтың суару технологияларын енгізуді жалғастыруды маңызды бағыттардың бірі ретінде атап өтеді.

Жаһандық климаттың өзгеруі мен су тапшылығы жағдайында Арал өңіріндегі суармалы жерлердің жағдайын тұрақты бақылау бұрынғыдан да маңызды болып отыр. Гидрогеологиялық-мелиоративтік қызмет жүргізетін мониторинг топырақтың тұздануын бақылауға, жерасты суларының деңгейін реттеуге және ауыл шаруашылығы өндірісінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Суармалы жерлердің мелиоративтік жағдайын жақсарту – ауыл шаруашылығы дақылдарынан жоғары өнім алудың, жерді игеруге салынған инвестициялардың тиімділігін арттырудың және өңірдегі аграрлық саланың тұрақты дамуын қамтамасыз етудің негізгі факторларының бірі. Осы тұрғыдан алғанда, 55 жылдық тарихы бар гидрогеологиялық-мелиоративтік қызмет Сыр өңірінің ауыл шаруашылығы мен су ресурстарын басқару жүйесінде маңызды орын алып келеді.

Мекеме мамандарының далалық жағдайлардағы мелиоративтік зерттеулерінің фотомәліметтері.

Азамат МҮСІРЕП,
ҚР СРИМ «Қызылорда гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы» РММ басшысы

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫРМЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

https://twitter.com/syrboyi

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифициқталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақыл қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

www.instagram.com/syrboyi_kz

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.